

**«КАСПИЙ ЛИМИТЕД» ЖШС-ТІҢ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТЕМЕСІ**

2014

МАЗМҰН

2014 ЖЫЛҒЫ
ЖЕТІСТІКТЕР



6



2

БІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ

НАРЫҚҚА ШОЛУ ЖАСАУ, СТРАТЕГИЯ
ЖӘНЕ ЖАҒДАЯТ



10



2

CHAGALA GROUP БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ
ХАБАРЛАМАСЫ



15

КОРПОРАТИВТІК
ӘЛЕУМЕТТІК
ЖАУАПКЕРШІЛІК



7

«КАСПИЙ ЛИМИТЕД»
АТҚАРАТЫН ІСКЕРЛІК
ОПЕРАЦИЯЛАРЫ



17

КОРПОРАТИВТІК
БАСҚАРУ



26

АРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІК

CHAGALA GROUP БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

Франциско Паррилла
Бас директор



Мен соңғы бірнеше жылдар ішінде біз жүзеге асырған ауқымды әкімшілік жұмыс пен қайта құрылымдау Топтың нығаюы үшін жағдай жасауға және Қазақстандағы сауда ортасында күтілетін жақсару жағдайында оның тиісті қырынан танылуына бағытталғанын жиі қайталаймын. Сауда ортасы бұрынғыша күрделі болып қалғанымен, мен компанияға жағымсыз әсер тигізген жаңа, әрі күтілмеген қиыншылықтарды елеп-ескере білгенімізге қуаныштымын.

2013 жылдың қазан айында Қашаған кен орнын жерүсті инфрақұрылыммен байланыстыратын құбыржолда ағудың анықталғаны жария етілген болатын. Сол кезде біз 2014 жылы Батыс Қазақстандағы экономикалық жағдайдың жобаның жабылуы әсерінен зардап шегетінін білдік. Біз де, белгілі бір мөлшерде зардап шектік, себебі Атырау, Баутино және Ақтау нысандарындағы шетел қызметкерлердің саны күрт азайды. Қашаған бойынша оқиғаларға қоса, ресейлік рубль курсының төмендеуіне байланысты, Қазақстан Үкіметі ақпан айында ұлттық валюта, теңгені 19%-ға құнсыздандырды. Валюталық курстардың кенет өзгеруі елеулі әсер тигізді, себебі біздің келісім-

шарттарымыздың басым бөлігінің валютасы теңге болды. Осы екі елеулі қиыншылыққа қарамастан, біз өткен жылдары шығындардың тиімді және үнемді жұмсалыуына қол жеткіздік, 2014 жылды тұрақты айқындамамен аяқтап, нәтижесінде пайдаға кенелдік.

Біз Атырау қаласында жоспарланған төрт көппәтерлі кешендер блогының бірін қазан айында аяқтадық және болжамымыз ақталып, жоба сұранысқа ие болып, Атыраудың сәулет ландшафты біржолата өзгерді. Сонымен қатар біз Атырау қаласындағы ірі клиенттеріміздің бірі үшін жаңа әлеуметтік орталықтың құрылысын бастадық. Ғимарат құрылысын аяқтау және пайдалануға беру 2015 жылдың 1 тоқсанында жоспарланған.

Өткен жылы Топтың Директор Кеңесінде айтарлық өзгерістер орын алды. Аса елеулісі маусым айында Төраға қызметінен Тимоти Л. Абсонның кетуі болды. Халықаралық қаржыландыру саласында сүбелі дағдыларға, сондай-ақ аймақтық тәжірибеге ие жаңа Директорлар Кеңесі Топ үшін қуатты ресурстық базаны құруға мүмкіндік береді. Мен алдағы уақытта серіктес болатыныма және олармен жұмыс жасау арқылы тәжірибе алатыныма қуаныштымын.

Сөз соңында, мен біздің іскерлік серіктестерімізге шын ризашылығымды білдіргім келеді. Біздің ADM Capital БК жобалар бойынша өз жұмысын жалғастыруда және мен олардың қолдауын бағалаймын. Біздің Compass Offices (Гонконг) БК 2015 жылдың 2 тоқсанында Қазақстанда екінші орталықтың ашуын жоспарлайды. Сонымен қатар, кез келген кәсіпорындағыдай, 2014 жылы қол жеткізілген жетістік көбінесе біздің басшылық құрамымыз бен жұмыс күшіміздің дағдылары мен жұмысқа шын берілгендігінің арқасында болды. Мен мақтанышпен оларды өз әріптестерім деп атаймын және Топ атынан ұзақ уақыт бойы қосқан үлестері үшін алғысымды білдіргім келеді.





«КАСПИЙ ЛИМИТЕД» ТУРАЛЫ

Компанияның негізі 1994 жылы қаланған және құрылыс жұмысын «Теңізшевройл» мен «Offshore Kazakhstan International Operating Company» (AGIP KCO/NCOC) қоса алғанда, бірқатар іске қосылған жобалардың қызметкерлері тұру үшін сапалы жағдайлармен қамтамасыз ету мақсатында Атырау қаласында алғашқы 3 жұлдызды мейманхана салудан бастаған. Атырауда құрылған база және модель негізінде Орал қаласында Қарашығанақ жобасына арналған жоба іске асырылды. Біздің бизнес моделіміз халықаралық және отандық мұнай мен сервистік компаниялардың талаптарын қанағаттандыруға арналған.

2012 жылдың наурызында «Каспий Лимитед» ЖШС кепілдік мөлшерлемесі 10% жылдық 2,250 миллиард теңге сомасындағы облигацияларын 5 жыл айналым мерзімімен Қазақстандық нарыққа орналастырғаны туралы жариялады. Негізгі сома 2016 жылдың желтоқсанында төлеуге тиесілі, ал облигациялар бойынша пайыздар әрбір алты ай сайын бөлшектеп төленеді.

КОМПАНИЯНЫҢ МЕНШІК ИЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Серіктестіктің жалғыз қатысушысы – Амстердам қаласында тіркелген жауапкершілігі шектеулі компания болып табылатын «Шағала Интернэшнл Холдинг Би.Ви» арқылы «Шағала Групп» (Chagala Group Limited, BVI) компаниялар тобы. «Шағала Групп» тобының 100% жай акциялары еркін айналымда болып табылады.

«Каспий Лимитед» ЖШС «Chagala International Holding B.V. (Шағала Групп)» толық меншігіндегі еншілес кәсіпорын болып табылады. «Каспий Лимитед» ЖШС Атырау қаласындағы, негізінен, өңірдегі мұнай-газ саласы клиенттерінің талаптарын қанағаттандыруға бағытталған, Қашаған көлемді мұнай кешенін өңдейтін «НСРОС» қоса алғандағы, тұрғын үй және коммерциялық объектілердің бірқатарына ие. Компанияның мүліктеріне мейманхана, апартаменттер, таунхаустар, кеңселер, мейрамханалар және қойма үй-жайлары кіреді.

МАМАНДАНДЫРЫЛУЫ

Мейманханаларды, қызмет көрсету апартаменттерін, кеңселік үй-жайларды өзге де жылжымайтын коммерциялық мүлікті иелену және басқару; мейманханалық бизнес; жылжымайтын коммерциялық объектілер құрылысы.

БІЗДІҢ МІНДЕТІМІЗ:

Біздің клиенттерімізді Батыс Қазақстандағы қызмет көрсететін мейманханалар мен апартаменттерде «екінші үймен» қамтамасыз Шағала достық, пейілді қызметкерлер құрамымен танымал, сондай-ақ өңірдегі ең үздік мейрамханалармен және тұрғын жайлармен қамтамасыз етуіне де әйгілі;

Біздің қызметкерлеріміз үшін қауіпсіз және қолайлы жұмыс ортасын қалыптастыру;

Каспийдегі мұнай серпілісінің нәтижесінде қаржылық тұрақтылықты, мүліктік әлеуетті және ерекше басшылықты үйлестіру жолымен біздің акционерлеріміздің пайдалылығын қамтамасыз ету.

Біздің мақсатымыз – тұтынушыларымызға жоғары дәрежелі қызмет көрсету, қызметкерлеріміздің әл-ауқатын жақсарту және ұзақ мерзімді тұрақтылықты бизнесті құру.



2014 ЖЫЛҒЫ ЖЕТІСТІКТЕР

Күрделі экономикалық ахуал жағдайында компания Атырау қаласындағы ірі тұлға және инвестор болып қалды. 2014 жылы Caspi Limited компаниясы:

Атырау қ. «Сарайшық» тұрғын-үй кешенінің бірінші блогының құрылысын аяқтады – бұл нарықта сатуға арналған Топтың алғашқы тұрғын-үй кешені болып табылады. Қазіргі уақытта пәтерлерді сату үдерісі жүзеге асырылуда.

Қазақстанда жедел дамып жатқан кафе нарығына шығу үшін «7 Senses» бөлімшесін құрды және Атырау қаласында алғашқы дүкенін ашты.

Атырау қаласында кеңсе ғимараттарын орналастыру және ұсыну бойынша NSOC компаниясының тендеріне сәтті қатысу.

Атырау қаласында қызмет көрсетілетін кеңселердің жаңа орталығын құру, оны ашу рәсімін 2015 жылдың екінші тоқсанында жүзеге асыру жоспарланған. Жобаны Compass Offices (Гонконг) компаниясымен серіктестікте құрылған бірлескен кәсіпорын жүзеге асырады.



«КАСПИЙ ЛИМИТЕД» АТҚАРАТЫН ІСКЕРЛІК ОПЕРАЦИЯЛАРЫ


Халқының саны 220,000 адамнан асатын Атырау - Батыс Қазақстанның мұнай-газ саласындағы әкімшілік орталық және бірқатар отандық және халықаралық мұнай-газ компанияларының өндірістік орталығы болып табылады.

Мүлігімізге 3 жұлдызды мейманхана, қызмет көрсету апартаменттері, кеңселік үй-жайлар, мейрамханалар, қойма үй-жайлары және Қашаған мұнай кенорнын өңдеуші жетекші консорциум «НСРОС» жалға алып отырған төрт бөлмелі 33 таунхаус кіреді. Біз 3 және 4 бөлмелі апартаменттердің жаңа жобасы – «Сарайшық» тұрғын үй кешенінің құрылысын бітірдік. Бұл – көлемі 94 шаршы метрден 148 шаршы метрге дейін жететін 72 апартаменті бар Атыраудағы дегдар тұрғын-үйдің жаңа форматы. Кешеннің жалпы көлемі шамамен 8,000 шаршы метрді құрайды. Сондай-ақ біз облыстағы оралым ұғымын жаңартатын көп функционалдық кешеннің құрылысымен жұмыс істеудеміз. «Лагуна» орталығына супермаркет, бөлшек сауда дүкендері, мейрамханалар, кинотеатрлар, сондай-ақ өңірде әзірше теңдестігі жоқ «Fidelity» фитнес орталығы кіретін болады. Біз бұл объектілерді 2015 жылдың ортасынан аяғына дейінгі кезеңде пайдалануға енгізуді жоспарлап отырмыз.





“CHAGALA WATERFRONT” МЕЙМАНХАНАСЫ

Біздің мейманхана қаланың азиялық бөлігіндегі Орал өзенінің жағалауына орналасқан. Мейманханада жанға жайлы жабдықталған және қолайлы 76 нөмір қызмет көрсетеді. Әр нөмірде іргелес жуынатын бөлме, спутниктік теледидар, кондиционер, тоңазытқыш және телефон байланысы бар.



ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ АПАРТАМЕНТТЕРІ

«Өз үйіңдегідей» сезіну неғұрлым қолайлы тұру жағдайларының түйінді мүмкіндігі болып табылады. Бізде қызмет көрсететін 350-ге жуық апартамент бар. «Люкс» апартаменттері бизнеске немесе демалуға арналған жоғары дәрежелі қызмет көрсетуді қалаған кез келген адам үшін өте ыңғайлы. Объектілерге жақында ғана ашылған «Ural Residence» кіреді. Апартаменттері бар тағы да үш жаңа кешеннің құрылысы Атырау қаласында жоспарланып отыр.



БАРЛАР ЖӘНЕ МЕЙРАМХАНАЛАР

Біздің мейрамханаларымыз: «Coco's», «Hugo's» мейрамханалары, «O'Neills» ирландтық бары, «Petrovski» мейрамханасы және таңғы-түскі ас ішу үшін, іскерлік кездесулер, романтикалық кездесу немесе достарыңмен бас қосу үшін тамаша орын – «East-West» мейрамханасы.



КЕҢСЕЛІК ҮЙ-ЖАЙЛАР

Шағала Батыс Қазақстандағы сапасы жоғары кеңселік объектілер құрылысының және басшылығының көшбасшысы болып табылады. Кешен бір орталықтан ауаны салқындату және жылыту жүйесімен, ақпараттық технологиялардың заманауи инфрақұрылысымен, су жабдықтаудың, электр қуатымен жабдықтаудың және өрттен қорғауды резервтік жүйесімен қамтамасыз етеді, халықаралық компаниялардың қауіпсіздік техникасы, денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау талаптарына жауап береді.



ТАУНХАУСТАР

Атыраудағы «Шағала» кешенінде орналасқан 4 пәтерлі 33 таунхаус Қазақстандағы отбасылық тұрғын үй кешені болып табылады.

НАРЫҚҚА ШОЛУ ЖАСАУ, СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ЖАҒДАЯТ

Caspi Limited бизнесінің дамуы үшін тәсілдеме қолдану Chagala Group стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады.

Chagala Group елде ірі мұнай-газ жобаларын жүзеге асыратын компания қызметкерлеріне тұрғын-үй және кеңсе ғимараттарын ұсыну саласында бірінші санатты шешімдермен жабдықтаушы болып табылады. Біздің жетістігіміз Қазақстанда орасан зор көмірсу қарымын қалыптастыруға, тұрғын-үй және кеңселік ғимараттарға деген қажеттіліктер үшін қызмет көрсетуге қажеттік активтерді жобалауға, құруға және басшылық етуге қатысатын компаниялардың келешекте аталған қажеттіліктерін айқындауға негізделеді.

Біздің стратегиямыз қарапайым:

Әлеуметтік ұзақ мерзімді жалдаумен белгілі бір қолданушысы бар активтерді ғана жобалау және инвестиция салу.

Сапа, қауіпсіздік және тиімділік мәселесінде компанияның беделін нығайту.

Қызметті жүзеге асыру және қажет болған жағдайда кез келген жерде қызмет көрсету үшін біздің қызметкерлері құрамына тиісті құзыреттер беру.

Біздің активтер мен басқа да нысандар пайдасына бір нысандағы қарым-қатынастарды нығайту.



Chagala 2014 жылы өз құрылыс бастауларына оралған болатын, Атырау қаласындағы инфрақұрылымға елеулі үлес қосқан бірқатар жобаларды бастап, аяқтады. «Сарайшық» тұрғын-үй кешенінің бірінші блогының құрылысы аяқталды. Пәтерлердің жобасы сатылмаған сауда кезінде айтарлықтай нарықтық пайызды ескере отырып жобаланды. Сондай-ақ, біз құрылысы 2015 жылдың 1 тоқсанында аяқталатын ірі ауқымды супермаркет – Лагуна жобамыздың жаңа ғимараты үшін алаң салдық. Нысанды жалға алу келісім-шартына әйгілі супермаркеттер желісі 10 жылға қол қойды. Сонымен қатар, біз Shell Development Kashagan үшін спорт-сауықтыру кешенінің құрылысын бастадық, бұл Chagala компаниясының Қашаған жобасына келетін шетелдік жұмыс күші үшін артықшылықты қызметтер жабдықтаушысы ретінде өзін-өзі танытуын күшейтеді.

Сапалы тұрғын-үй нарығындағы ұлғайып жатқан бәсекеге қарамастан, біз Қазақстан нарығындағы өз үлесімізді сақтап қалдық және кейбір нысандарда жалға алу көлемдерінің анағұрлым артуын байқадық. Бұл екі тарапқа да артықшылықтар ұсынатын келісім-шарттар негізінде жаңа және әрекеттегі клиенттермен қызмет істеген Өткізу бөлімі тобының күш салған еңбегінің тікелей нәтижесі болып келеді. Біздің қаржылық әл-ауқатымыз бен жоғары сапалы активтер базасымен бірге қызмет көрсету саласындағы беделіміз осылай икемді әрекет етуге мүмкіндік береді. Атырау қ. Қашаған кен орнындағы жұмыстардың кенет тоқтатылуын нарық қабылдады, сондықтан қазіргі уақытта біз өз назарымызды әрекеттегі клиенттеріміздің қажеттіліктерін қанағаттандыруға, бұл ретте, тұтас және толығымен өз мүмкіндіктерімізге ғана сенім артуға және өңірде өнеркәсіптік өндіріс өз жағдайына тек 2017 жылы қайтып оралады, нәтижесінде сауда айналымы артады деген жағдайларда қызмет етеміз.

Біздің ADM Capital бірлескен кәсіпорнымыз белгіленген нәтижелерге қол жеткізуді жалғастыруда және біз ADM Capital әлеуетті жобаларды қарастыруды жалғастырамыз.

Одан бөлек, біздің Compass Office (Гонконг) бірлескен кәсіпорнымыз 2015 жылдың 2 тоқсанына қарай Атырауда екінші орталықты ашуды жоспарлайды. Біз 2014 жылы Атырауда біздің алғашқы жеке кафемізді аштық және жуыр арада Атырауда және Оралда дүкендер ашамыз.

2014 жылы Chagala Директорлар Кеңесі айтарлықтай қайта құрылымдалды, нәтижесінде саны бойынша азырақ орталық топ құрылды. Ағымдағы құрылым небәрі төрт (4) Директордан тұрады, оның ішінде үшеу (3) Атқарушы емес Директорлар болып табылады. Жаңа Директорлар Кеңесінің дағдылары, тәжірибесі және білімі Chagala-ға кез келген уақытта тез, әрі негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

КОМПАНИЯНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Компанияның мақсаты - мұнай-газ өңірінде даму, сондай-ақ өз позицияларын Атырау қаласындағы ең ірі жабдықтаушылардың бірі ретінде күшейту болып табылады. Аталмыш мақсаттарға қол жеткізу үшін Компанияның стратегиясына төмендегідей түйінді элементтер кіреді:

Мұнай-газ өнеркәсібінің қажеттіліктеріндегі тенденцияларды айқындау;

Келген басшылардың орналасуы және тұруы бойынша жоғары сапалы қызметтер көрсету;



Кеңейту процесін жеңілдету үшін қолданыстағы объектілерге тиесілі жер телімдерін сатып алу;

Кеңсе ғимараттарды, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарды және азық-түлік дүкендерді, сондай-ақ ойын-сауық кешендерін бірлестіру арқылы объектілер кешенінің сапасын арттыру;

Орташа табыстары бар азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тиісті тұрғын үй және коммерциялық объектілерді дамыту;

Жергілікті сұранысты қанағаттандыру үшін қойма объектілері мен бөлшек сауда объектілерін егжей-тегжейлі жоспарлау.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОНОМИКА

Мұнай және газ өндірісі және сатуы экономиканы дамытатын негізгі фактор ретінде қарастыратын бірқатар елдер секілді, 2014 жылы Қазақстан экономикасының өсімі төмендеді. Үкіметтің ресми статистикалық мәліметтерінің негізінде, жалғасып жатқан мұнай мен мыс және болат сияқты басқа да шикізат ресурстарының бағаларының төмендеуінің нәтижесінде, 2013 жылғы 6.0% өсім 2014 жылғы 4.5%-ға дейін төмендеді. Қашаған мұнай жобасының жабылуы және мұнай өндірісінің күтілген көлемінің төмендеуі теріс үрдісті күшейте түсті.

Осындай түсімге қарамастан, Қазақстандағы жалпы экономикалық көрсеткіштер аймақтық көрсеткіштермен салыстырғанда орнықты айқындамаға

ие болды. Ақпан айында Үкімет теңгені 19%-ға құнсыздандырды, бұл тауарлардың өндірістік экспортына өз әсерін тигізді. Ресей рублі курсының АҚШ долларына қатысты айтарлықтай төмендеуіне байланысты құнсыздандыру қажет болды. Ресей Қазақстанның ірі сауда серіктесі болып табылады және валюталардың теңгерімді болмауы Ресейге тауарларын экспорттауға тырысқан қазақстандық өндірушілер үшін елеулі қиыншылықтарға әкелді. Қазақстан халықаралық компаниялар үшін тартымды инвестициялық ахуалға ие, олар елдің табиғи ресурстарын қолдануға тырысады. Тау-кен өндірісі кәсіпорындары елдегі тау-кен ісі саласындағы жаңа заңнаманың шығуын асыға күтуде. Үкімет тау-кен өндірісі кәсіпорындары үшін бірдей тартымды шарттарды құру арқылы мұнай-газ секторында қол жеткізілген жетістікті қайталауға үміттенеді. Қазақстанда жалғасып жатқан саяси тұрақтылық инвесторлардың сенімділігінің негізі болып қалуда.

2014 жылғы елдегі жұмыссыздық деңгейі 5.2% құрады, яғни 2013 жылғы 5.5% деңгейден шамалы төмендегені байқалады. 2014 жылдың соңына қарай халық саны 17.42 миллионға жетті. Жыл бойынша инфляция деңгейі 6.9% құрады. Сонымен қатар, ақпан айында болған валютаның 19%-ға құнсыздануынан кейін, 2014 жылы долларға қатысты теңге курсы шамамен 179.32 КЗТ болды.

2014 жылдың ортасында басталған мұнай бағасының төмендеуі бүгінгі күні де жалғасуда, бұл энергетикалық компанияларға, сонымен қатар бюджетті қаржыландыру мақсатында энергетикалық ресурстардың іске асырылуына тәуелді үкіметтік ұйымдарға да елеулі әсерін тигізді. WTI және Brent сұрыпты мұнай бағасының шамамен 50% төмендеуі әлемдік деңгейдегі бірнеше ірі компанияларды жуыр арада жұмыс күшінің санын және инвестициялық бюджетті

азайтуға мәжбүр етті. АҚШ-тың өзінде шамамен 100,000 жұмыс орындарының қысқартылу қаупі бар. Канададан Ресейге дейін, Венесуэладан Сауд Арабиясына дейін бірқатар елдердің үкіметтері кіріс деңгейінің төмендеуі аясында шығындарды қайта қарастыруға мәжбүр. Кейбір елдер шығындардың ағымдағы деңгейлерін сақтау үшін қажетті бағаның жартысын құрайтын бағаларды қарастыруда. Осы түсімге қарамастан, көмірсу қарымына және Қазақстанға инвестиция салуға деген қызығушылық жалғасуда. Алдағы уақытта мұнайдың миллиард баррелі мен газдың триллион текше метрін өндіретін Қашаған, Қарашығанақ пен Теңіз кен орындары әлемдік санатты жобалар болып қалады. Сонымен қатар, Қазақстан Үкіметі жерден 7-ден 15 км дейінгі тереңдікте 27 миллиард тонна мұнай және газды өндіруге бағытталған, Каспий маңы ойпатында іздестіру-барлау жұмыстарының алғашқы жобасы – Еуразия Жобасына толық қаржылық және саяси қолдау көрсетті. Біз Қазақстанның мұнай секторында жаңа мүмкіндіктерді көруді жалғастырудамыз және Үкіметтің елге қосымша инвестицияларды тарту талпыныстары бұны растайды. Біз осы мүмкіндіктерді пайдалану үшін жақсы айқындамаларды сақтап қалудамыз және мұнай бағасының төмендеуі нәтижесінде орын алған ағымдағы экономикалық жағдайларға төтеп беріп, берік айқындамаға ие болып, жетістік тарихын жалғастырудамыз.

Құбыржол желісінен улы газдың ағуы нәтижесінде 2013 жылдың соңында Қашаған жобасының жабылуы нысанды пайдалануға беруге мүмкіндік беретін жөндеу жұмыстарының мерзімдеріне қатысты қауіптенулермен бірге елдегі талқылау үшін аса маңызды тақырып болып қалуда. Қазіргі уақытта (құбыржолды қайта құрылымдау міндеті жүктелген компания, Қашаған және Saipem консорциумындағы ірі акционер, Royal Dutch Shell

өтініштерінің негізінде) құбыржолды алмастыру 2016 жылдың соңына қарай жоспарланған, ал өндіріс 2017 жылы қайта қалпына келтіріледі. Құбыржол бойынша жұмысқа кететін күтілетін шығын көлемі 1.8 АҚШ миллион долларын құрайды және бірнеше жыл ішінде кідірістер мен шығындардың артуымен ерекшеленген жобаға қиыншылық әкелді.

Қарашығанақ және Теңіз кен орындары 2014 жылғы тәулігіне 1.7 миллион баррель өндіріс көлемінің шамамен жартысын өндіруді жалғастырды. Қарашығанақтағы BG/AGIP басқаратын консорциум Қазақстан Үкіметімен инвестициялық жоспарларды талқылауды жалғастыруда, олар өндірісті ұлғайтуға мүмкіндік береді, бірақ бұл күш-жігер сәттілікке жеткізбеді, себебі болжалды шығындар Үкімет үшін орынсыз болып есептеледі. Екінші жағынан, Теңіз Болашақ Даму Жобасы мен Құйылыс Қысымын Басқару Жобасын жалғастырады. Олар аяқталғаннан кейін, бұл инвестициялар Шевронның өндірісті шамамен жылына 12 миллион тоннаға ұлғайтуға мүмкіндік береді. Жоба бойынша жақын арадағы шығын сметалары Ақтауда түрлендірілген порт секілді құрылыс үшін қажетті жоспарланған құрылыс және қосымша инфрақұрылым әдістемесіне енгізілген өзгерістердің нәтижесінде жоспарланған 24 миллиард долларынан 39 миллиард долларына дейін ұлғайтылды.

КОМПАНИЯНЫҢ ТӘУЕКЕЛДІК-МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

Тәуекелдіктерді басқару функциясы Бас директорға жүктелген. Компания өзінің бизнес-процестерінің бағалауын және мониторингін жүзеге асырады, осал жерлерін анықтайды және мүмкін тәуекелдіктердің алдын алады.

КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Chagala Group бөлігі ретінде, Caspi Limited біз жұмыс жасайтын жағдайларды жақсарту және болашақ жергілікті қауымдастықты қалыптастыру және жергілікті персоналдың жұмысқа орналасуы үшін мүмкіндіктер жасауды негізгі міндет ретінде өз алдына қояды.

Компанияның күші оның қызметкерлерінде! Біз қызметкерлеріміздің дамуына инвестиция саламыз және жұмыста басшылыққа алатын қағидаларды айқындадық. Сонымен қатар біз біздің қызметкерлерімізді бір-біріне және қауымдастыққа қатысты жауапты азаматтар болуға шақырамыз.

Біздің клиенттеріміздің сенімділігін арттыру мақсатында, біз адамдарымыздың ішкі сенімділігін сақтау міндетті деп есептейміз, сондықтан біз келесіге қол жеткізуді тырысамыз:

Қызметкерлер өздерін пайдалы, талап етілетін және қанағаттандырылған тұлғалар сезінетіндей етіп, қызметкерлерді дамыту

Біздің басқару қағидаларымызға сәйкес жетістіктер үшін марапаттау және мойындау



Қызметкерлер өз қарымын іске асыруы үшін оларға көмек беру үшін мансап бойынша жоғарылауға қолғабыс ету

Олардың маңызды ролін түсіну үшін көмек беру

Қызметкерлермен тіл табысу, олардан ұсыныстар алу және үздік нәтижелерге қол жеткізу үшін біздің қызметімізге өзгерістер енгізу

Біздің клиенттерге бірінші санатты қызмет көрсету үшін біздің қызметкерлерімізге қажетті дағдылар, білім мен қолдау көрсету

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Біз асқан жеке жетістіктер көрсететін, елеулі үлес қосқан және жоғары жұмыс көрсеткіштерін көрсететін қызметкерлерді марапаттауға арналған қызметкерлерді марапаттау бағдарламасын іске асыруды жалғастырамыз және басқа қызметкерлердің жетістіктерге жетуіне ынталандыратын үлес қосқан қызметкерлерді атап өтеміз.

ОҚЫТУ ЖӘНЕ МАНСАПТЫ ЖОҒАРЛАТУ

Біз қызметкерлерімізді жаңа дағдылар мен тәжірибені игеруге, сонымен қатар Chagala Group мансап бойынша жоғарлауға шақырамыз. Ашық қарым-қатынас және тәжірибемен алмасу (кеңселер мен қалалар аясында) бірлесе қызмет етуге көмек береді және біз дұрыс әрекет етуге тырысамыз. 2014 жылы біздің қызметкерлер әр түрлі ішкі және сыртқы оқыту бағдарламаларына, соның ішінде ағылшын және қазақ тілі, маркетинг, бухгалтерлік есеп курстарына, ҚТ және ДҚОҚ бойынша курстарға және одан әрі білім беру және оқыту курстарына қатысты.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

CHAGALA GROUP КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ

Стратегияларды, бюджетті, капиталдық шығындарды, тағайындауларды және Chagala Group атқарушы директорлардың жалақы көлемін белгілеу, қарау және бекіту жауапкершілігі Компанияның Директорлар Кеңесіне жүктеледі.

Chagala Group Директорлар Кеңесі осы Есепті 2014 жылдың 31 желтоқсаны кезеңі бойынша Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарттары бойынша Кеңеспен бекітілген, Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарттарына сәйкес құрылған Компанияның Қаржылық Жағдайы туралы Есеппен, Жиынтық Кіріс туралы Есеппен, Капитал Өзгерістері туралы Есеппен, Қаржы Құралдарының Қозғалысы туралы Есеппен және ескертулермен бірге ұсынды.

Компания Британдық Виргин Аралдарының заңнамасына сәйкес құрылды. 2007 жылдың 27 ақпанында Компания Лондондағы Қор Биржасының Ресми Қатысушылар Тізіміне енгізілді және оның Лондондағы Басты Қор Биржасы Нарығында сауда жүргізуіне рұқсат берілді. 2010 жылдың сәуір айында Ұлыбританиядағы тәртіп Сыйақы және Стандартты Санаттарға қайта құрылымдалды. Қазіргі уақытта компания Стандартты Баға белгілеу санатындағы кеңесші болып табылады.

Компания Британдық Виргин Аралдарының заңнамасына сәйкес тіркеліп, Стандартты Баға



белгілеу санатының қатысушысы болғандықтан, ол Қаржылық Есептілік бойынша Кеңес жариялаған Ұлыбританияның Құрама Корпоративтік Басқару Кодексінің («Кодекс») талаптарын сақтауға міндетті емес. Бірақ Компания корпоративтік басқару туралы жарғыны дайындауға міндетті. Британдық Виргин Аралдарының Кодексімен бірдей корпоративтік басқару тәртібі жоқ. Директорлар Кеңесі корпоративтік басқарудың тиісті стандарттарымен танысып, Компания оның сипатына, көлемі мен ресурстарына қатысты басқару саласында бірқатар рәсімдерге ие болды. Төменде Компанияның басқару қағидаларын қолдану амалдары түсіндіріледі.

Қазіргі уақытта Кеңес төрт директорынан тұрады – кіші Майкл К. Картер, Франциско Паррилла, Хавьер дель Сэр және Александр Гладышев. 2014 жылдың 31 желтоқсанына дейін Директорлар Кеңесінің Төрайымы кіші Майкл К. Картер болды, ол тәуелсіз директор болатын. Кеңес Мүшелері мүдделер қақтығысы орын алған жағдайда, Компанияның үздік мүдделері үшін өз міндеттемелерін орындауға жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Жаңа Директорлар Кеңесі Компания үшін елеулі орасан зор жұмыс тәжірибесіне ие, сондықтан Директорлар Кеңесі құрамындағы кез келген өзгерістер Компанияның жұмысының белгілі бір кідіріссіз ұйымдастырылуы мүмкін. Директор Жарғыға сәйкес әр Жыл сайынғы Жалпы жиналыста қайта мерзімге ұсынылуы мүмкін. Компания Жарғысына сәйкес Директорлар кез келген уақытта шақыртылуы немесе ауыстырылуы мүмкін.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ РӨЛІ

Директорлар Кеңесі Компания істерін жүргізу және қызметіне басшылық ету үшін жауапкершілікке тартылады. Бұған Компанияның ұзақ мерзімді

міндеттері мен мақсаттарын қою, осы мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті жоспарлар мен стратегиялар құру және олардың жүзеге асырылуы үшін басшылық ету кіреді. Кеңес Компанияның күнделікті қызметіне басшылық ету құқығын Компанияның жоғарғы басшылығына бергеніне қарамастан, ол Компания қызметіне қатысты барлық мәселелер бойынша қорытынды шешім қабылдауда басқарушы рөлін қалдырады.

Директорлар Кеңесі Компанияның жоғары басшылығы Компанияның қызметін Акционерлердің үздік мүдделері үшін басшылық ететініне және Компания қызметінің басшылығы үшін шаралардың Кеңес міндеттемелеріне сәйкес келетіне көз жеткізуі қажет.

Кеңес міндеттемелерін орындау барысында ірі корпоративтік жоспарлар мен стратегиялық шешімдерді бақылайды. Кеңестік стратегиялық жоспарлау рәсіміне бюджетті тұрақты тексеру және басшылықпен Компанияның стратегиялық міндеттері мен бюджетіне қатысты мәселелерді талқылау жатады. Кемінде жылына бір рет жиналыс басшылық ұсынатын стратегиялық жоспарлардың шолуын жасауға арналуы тиіс.

Кеңес жыл сайынғы өндірістік және капиталдық бюджеттерді, кез келген материалды жоюды, Компанияның күнделікті қызметіне кірмейтін немесе бекітілген бюджетте ұсынылмаған сатып алулар мен инвестициялар, ұзақ мерзімді стратегияны, ұйымдастырушылық дамыту жоспарларын және аға атқарушы қызметкерлердің тағайындалуын бекітеді.

Сондай-ақ Кеңес басшылыққа өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігін беру үшін Компания қызметіне қатысты, соның ішінде қаржылық ақпараттың және өндірістік даму бойынша ақпараттың уақытында берілуіне басшылық ету үшін жауап береді. Кеңес басшылықтың Компанияның жоспарларын

орындауын және барлық мәселелерге қатысты Кеңес қызметіне баға беруін күтеді.

Директорлар Кеңесінің негізгі міндеттемелері:

1. Компанияның кез келген құнды қағаздарының шығарылуын бекіту
2. Қарапайым қызмет шеңберіне кірмейтін Компанияның кез келген қарызының шығу көзін бекіту
3. Капиталдық және өндірістік шығындардың жыл сайынғы бюджетін қарау және бекіту
4. Капиталдық және өндірістік шығындардың жыл сайынғы бюджетінен елеулі ауытқушылықтарды қарау және бекіту
5. Жыл сайынғы қаржылық есептілікті, соның ішінде Жарғыны және Басшылық Талдауын, ақпараттық басылымдарды, жыл сайынғы есептерді, меморандумдар мен рәсімдерді бекіту
6. Инвестицияларды бекіту, материалдарды орналастыру және бірлескен кәсіпорындарды құру және бекітілген бюджет көлемінен шығатын басқа да кез келген елеулі шешімдерді бекіту
7. Компанияның стратегиялық жоспарларын қарау және бекіту, стратегиялық жоспарлау үдерісін қабылдау және Компания жұмысы көрсеткіштерінің мониторингін жүргізу
8. Компанияның сыйақылар беру бойынша жоспарларын қарау және бекіту
9. Директорлар Кеңесінің және Кеңес комитеттерінің құрамын, құрылымын және сипаттамаларын анықтау және Кеңес пен директорлар мониторингі үдерісін құру
10. Тағайындау және Сыйақы беру Комитеті мен Ревизиялық Комитет мүшелерін тағайындау
11. Сыйақы және Тағайындау бойынша Комитет ұсынымдарының негізінде Акционерлер Кеңесі үшін кандидаттарды тағайындау.

12. Жаңа директорлар үшін қажетті білім беру және оқыту бағдарламаларымен қамтама ету
13. Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес директорлардың тәуелсіз мәртебесіне қатысты талаптардың орындалуын бақылау
14. Компанияның Іскерлік Мінез-құлық Кодексін орындау мониторингі және қолданыстағы заңнаманы сақтау
15. Тәуелсіз директорлар үшін тұрақты жиналыстар өткізу
16. Мерзім сайын осы Құжатты және Кеңес пен Комитеттердің басқа да саясаттарына шолу жасау.
17. Жоғары басшылықты тағайындау және оның жұмысының көрсеткіштерін бақылау, жоғары басшылық үшін жоспар жасау, Тағайындау және Сыйақы беру бойынша Комитетке кеңес беру, жоғары басшылық сыйақы көлемін бекіту
18. Компанияның негізгі тәуекелдерін және мүмкіндіктерін анықтау үшін саясат пен рәсімдердің болуы, Компанияға осындай тәуекелдердің орындылығын бағалау және тәуекелдерді басқару үшін тиісті жүйелердің болуын қамтамасыз ету
19. Компанияның қолданыстағы заңнаманы сақтауы үшін саясат пен үдерістердің болуын қамтамасыз ету, соның ішінде корпоративтік ақпарат пен есептілікке қатысты уақытында жария ету
20. Директорлар тәжірибесі мен білімі негізінде жоғары басшылыққа кеңес беру
21. Директорлар және қажет болған жағдайда тәуелсіз кеңесшілер үшін басшылыққа тікелей қолжетімділіктің болуы
22. Жыл сайын Кеңес пен Комитеттер қызметін бағалау

БАС АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОР

Жоғарыда айтылғанның негізінде, Директорлар Кеңесі Топтың қарапайым қызметіне басшылық етуді Бас Атқарушы Директорға жүктеп, Компанияның стратегиялық міндеттері мен мақсаттарын түсіндірді.

КОМИТЕТТЕР

Директорлар Кеңесінің екі комитеті бар: (i) Сыйақы және Тағайындау бойынша Комитет және (ii) Ревизиялық Комитет.

Тағайындау және Сыйақы беру бойынша Комитет

Хавьер дель Сер Перез Сыйақы беру және Тағайындау бойынша Комитет жұмысына басшылық етеді. Комитеттің тағы бір мүшесі Александр Гладышев. Комитет бірқатар бақылау қызметтеріне, сонымен қатар Директорларды алмастыру үшін ұсынылған кандидаттардың орындылығын бағалау бойынша негізгі міндеттемелер және жоғары қызметкерлерге сыйақы беру, сонымен қатар осы міндеттерге қол жеткізу үшін адам ресурстарының болуын қамтамасыз ету қызметтеріне ие.

Сыйақы беру және Тағайындау бойынша Комитет мүшесі Комитет шешетін мәселеге мүдделі болса, ол Комитет осы мәселені қарау және бекіту барысында қатысудан қалыс қалуға міндетті. Егер Сыйақы беру және Тағайындау бойынша Комитеттің бірден көп мүшесі қарастырылатын мәселеге қатысты мүдделі болса, Тағайындау және Сыйақы беру бойынша Комитет мүшелеріне жатпайтын, мүдделі емес Директорлар осы мәселені қарастыру және бекіту үдерісіне қатысады.

Сыйақы беру және Тағайындау бойынша Комитет міндеттемелерінің толық сипаттамасы біздің

компанияның www.chagalagroup.com сайтында ұсынылған.

Ревизиялық Комитет

Ревизиялық Комитет Компанияның қаржылық есептілігі мен ішкі бақылауына ықпал ететін кез келген елеулі мәселелерді қарастыру арқылы Директорлар Кеңесіне тәуекелдерді басқару үдерісіне басшылық етуге көмек береді және келесі міндеттемелерге ие болады:

- i. қаржылық есептердің рәсімделуінің дұрыстығын, біліктілігін, тәуелсіздігін және тәуелсіз аудиторлар жұмысының заңды және заңнамалық қаулыларға сәйкестілігін бақылауға көмек беру;
- ii. сыртқы аудиторлардың тексеріс өткізу жоспарын қарау және бекіту, есеп рәсімдерінің ішкі бақылауын бағалау, аудит бойынша есептерді бекіту және Директорлар Кеңесі мүшелерінің қатысуынсыз сыртқы аудиторлар кез келген мәселелерді талқылауға ниетті және заңды, сонымен қатар заңнамалық қаулыларды сақтау кепілдігі;
- iii. Ішкі аудиторлармен ішкі аудит көлемі мен қорытындыларын қарау және бекіту және ішкі бақылау жүйесін бағалау;
- iv. сыртқы аудиторларды тағайындау немесе қайта тағайындау туралы Директорлар Кеңесіне ұсынымдар жасау, аудиторлық қызмет көрсеткені үшін қаламақы және сыртқы аудиторларды жұмыстан шығару немесе жұмыстан шеттету; және
- v. сыртқы аудиторлар ұсынған, кез келген аудиторлық емес қызметтерді алдын ала бекіту.

Александр Гладышев Ревизиялық Комитетті басқарады. Комитеттің басқа мүшесі Майкл К. Картер Кіші болып табылады.

Егер Ревизиялық Комитет мүшесі Комитет шешетін мәселеге мүдделі болса, ол Комитет осы мәселені қарау және бекіту барысында қатысудан қалыс қалуға міндетті. Егер Ревизиялық Комитеттің бірден көп мүшесі қарастырылатын мәселеге қатысты мүдделі болса, Ревизиялық Комитет мүшелеріне жатпайтын, мүдделі емес Директорлар осы мәселені қарастыру мен бекіту үдерісіне қатысады.

Ревизиялық Комитет міндеттемелерінің толық сипаттамасы біздің компанияның www.chagalagroup.com сайтында жария етілген.

Әр Комитет және әр Директор Компания есебінен тәуелсіз кәсіби кеңеске жүгінуге құқылы.

Компания Лондондық Қор Биржасы Қызметінің Ережелерінің негізінде, Директорлар Қызметін Іске асыру Моделінің Кодексіне негізделген акциялар бойынша Директорлар мен Аға Жауапты Қызметкерлерді Басқару Және Жобалау саясатына ие. Директорлар Кеңесі жүйелердің, рәсімдердің, саясат пен қаржылық, заңгерлік мәселерді ішкі бақылау үдерістерінің тиімділігі мен мазмұнын, тәуекелдерді басқару үшін жауапкершілікке тартылады. Өз міндеттемелерін орындау кезінде директорлар жұмыстың қаржылық көрсеткіштерінің мониторингін өткізу және материалдық шығындар мен шығыстар нәтижесінде тәуекелдерді уақытында анықтау және мейлінше азайту және кепілдікпен қамтамасыз ету үшін бақылау бағдарламасын енгізді. Компания алғаш рет ішкі аудиторды 2007 жылы тағайындады, бірақ ол кеткеннен кейін осы орынды жабу туралы шешім қабылдады. Ішкі аудитор орнын жабу туралы шешім Қазақстандағы әлеуетті кандидаттарды бағалаудан кейін және қымбат шетелдік жұмыс күшін тартпай лайықты кандидаттарды табу мүмкін болмағандықтан қабылданды. Осыған байланысты Компанияның көлемі мен тәжірибелі маманды жұмысқа орналастыруға кететін әлеуетті шығындар негізінде орынды жабу туралы шешім қабылданды.

Директорлар Кеңесі 2014 Директорлар Кеңесін тағайындады және 5 Директорлар Кеңесі жиналысын өткізді. Одан басқа, Ревизиялық Комитет пен Сыйақы беру және Тағайындау Комитет жыл бойы барлық қатысты мүшелердің қатысуымен шақыртылды.

Жеңілдік бағасы бойынша акцияларды іске асыру бағдарламасы өзгерістер мен толықтырулармен қолданысқа енгізілді және Жалпы Жыл сайынғы Жиналыспен қарастырылып, бекітілді.

АҒА ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР

Кеңес Франциско Парриланы Компания акционерлерімен байланыс бойынша басқарушы директор болып тағайындады. Сіз Паррилла мырзамен f.parrilla@chagalagroup.kz электрондық поштасы арқылы хабарласа аласыз.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ



Кіші Майкл К. Картер мырза

Атқарушы емес Директор және Директорлар Кеңесі Төрағасы

Картер мырзаның Капитал, Тікелей Инвестициялар мен Басқарушылық Кеңес беру Қызметтері нарығында 27 жылдық тәжірибесі бар және мұнай-газ саласында да зор тәжірибеге ие. Ол АҚШ-та, Батыс Еуропада жұмыс жасады, Қазақстанда 2007 жылдан бастап жұмыс істей бастады. 2007 жылдан 2011 жыл аралығында Картер мырза Қазақстандағы Visor Capital қазіргі кезде Орта Азиядағы жетекші зерттеу тобы болып табылатын компаниясында жұмыс жасады, басында бұл компанияның құруы басқарумен айналысып 2008 жылдың қазанынан бастап компанияның Бас Атқарушы Директоры ретінде қызмет істеді. Visor Capital компаниясына дейін Картер мырза ING Банкінде қызмет етті, ол Италиядағы Инвестициялар және Зерттеулер Бөліміне басшылық етті және ING Банкінің Миландағы филиалы Кеңесінің мүшесі болды. 1995 жылдан дейін 2001 жылға дейін Картер мырза Лондондағы және Миландағы UBS жоғары білікті зерттеу тобының құрамына кірді. Зерттеу саласында тәжірибе мұнай, мұнай өнеркәсібі, көлік және өндірістік секторларды, сонымен қатар Еуропадағы бірқатар акцияларды жекешелендіру және алғашқы орналастыруды қамтиды. Картер мырзаның үздік Беркли ФД бакалаврының дипломы және Джорджтаун Университетінің MBA дәрежесі бар. Ол ағылшын, итальян, француз және испан тілдерін жетік меңгерген.



Франциско Паррилла мырза

Атқарушы директор және Бас Директор

Паррилла мырза Chagala Group Капиталдық Жобаларының Директоры қызметіне 2009 жылы кірісті, бұл қызметте ол бірқатар капиталдық жобаларды жүзеге асырып, Қазақстандағы Chagala Group жобалары бойынша жұмысты жалғастыруда. Паррилла мырза 1997 жылы Испанияның Мадрид қаласындағы Понтифия де Комиллас Университетін Өндірістік Инженер дәрежесімен және 2005 жылы Лондондағы Бизнес Мектебін Іскерлік Басқару Магистрі дәрежесімен тәмамдады. 2012 жылдың 1 маусымында Паррилла Директорлар Кеңесіне сайланды.



Хавьер дель Сер мырза

Атқарушы емес директор

Хавьер дель Сер, Испания азаматы, құрылыс және қонақ үй, кеңсе және пәтерлер құрылысы бөлімін басшылық ету мәселесінде кеңес береді. Топтағы жұмысқа дейін 2000 жылы Хавьер 4 жыл директор ретінде Kazakhstan Asset Management Company Инвестициялық Қорын басқарып, қорды үйлестіру және инвестициялық мүмкіндіктерді анықтау үшін жауапты болды. Оның алдында ол Шри-Ланкада 2.5 жыл бойы Крескат Девелопментстің басқарушы директоры рөлін атқарды және құрылыс, қаржыландыру және қонақ үй және көпфункционалы кешендердің құрылысы, қаржыландыру және маркетинг үшін жауапты болды. Хавьер «Степп Цемент Лимитед», АІМ компанияларының және басқа да бірқатар аккредитациядан өтпеген компаниялардың Басты Атқарушы Директоры болды. Хавьердің Мадридағы ETSI Каминос, Каналес, Пуертос университетінің Ғимараттар мен Құрылыстарды Жобалау және Салу саласында магистр дәрежесіне және Франциядағы NEC Jouy en Josas университетінің Іскерлік Басқару магистрінің дәрежесіне ие.



Александр Гладышев мырза


Атқарушы емес Директор

Александр Гладышев Ресей азаматы, 2014 жылдың маусым айында Chagala Group Ltd Директорлар Кеңесінің мүшесі болып тағайындалды және кейін Ревизиялық Комитет төрағасы болып тағайындалды. Гладышев мырза Қазақстанда 2006 жылдан бастап «ҚазМұнайГаз» компаниясында Инвесторлармен Жұмыс жасау бойынша Басқарушы Директор ретінде және инвестициялар бойынша тәуелсіз кеңесшісі болып қызмет етеді. Оның тәжірибесі корпоративтік қаржы саласында инвесторлармен жұмыс жасау және Лондондағы YUKOS және Лондондағы Merrill Lynch акционерлік капитал саласындағы қызметтерді қамтиды. Гладышев мырза CFA халықаралық кәсіби сертификат пен Мәскеу Физика және Технология Институтының «математика» мамандығы бойынша дипломына және Мәскеу Халықаралық қарым-қатынастар Институтының «бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша дипломына ие.

ТОПТЫҢ АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРЛАРЫ:




Франциско Паррилла
Бас директор



Терранс Дж. Пауэлл
Бизнесті дамыту
жөніндегі директор



Маргарита Капустянская
Қаржы директоры



Рэджис Дениел
Өндіріс директоры



Эльмира Абдрахманова
Заң бөлімінің директоры



Юлия Юдина
Кадрлар бөлімінің
директоры



Мадина Елебекова
Топтың сату және
маркетинг бөлімінің
директоры


ӨҢІРЛІК БАСШЫЛЫҚ:




АҚТАУ/БАУТИНО
Мохаммед Фавзи
Өңірлік бас менеджері



ОРАЛ
Анна Чепкаленко
Менеджер



АҚСАЙ
Джон Паттерсон
Директор



АТЫРАУ
Рауль Парралес
Бас менеджер

НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

«Шағала Групп» бірқатар көптеген мұнай-газ жобаларда Қазақстандағы тұрғын үй және кеңсе кешендерінің бірінші санатты жабдықтаушысы болып табылады. Біздің жетістігіміз Қазақстанда ауқымды көмірсутекті әлеуетті өндіретін компанияның болашақ қажеттіліктерін анықтау және сол талаптарды қанағаттандыру үшін қажетті активтерді жобалау, құрылысы мен басшылық ету болып табылады.

Белгілі пайдаланушысы бар активтерді ғана жобалау және инвестициялау.

Компанияның сапа, қауіпсіздік және үнеумдеуге қатысты беделін арттыру.

Бірінші санатты қызметтерді ұсынуға бағытталған біздің персоналымызды уәждемеу.

Басқа нысандағы активтер пайдасына бір нысандағы біздің өзара қарым-қатынасымызды бекіту.



«Каспий Лимитед» ЖШС

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Тәуелсіз аудиторлар есебімен бірге 2014 жылдың 31 желтоқсанына аяқталатын жылға

Тәуелсіз аудиторлар есебі	28
Қаржылық жағдай туралы есеп	30
Кірістер мен шығыстар туралы есеп	32
Жиынтық кіріс туралы есеп	33
Қаржы құралдарының қозғалысы туралы есеп	34
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	36
Қаржылық есептілікке қосымшалар	37

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ



«КПМГАудит» жауапкершілігі
шектеулі серіктестік
050051 Алматы, Достық д-лы 180,
Тел./факс 8 (727) 298-08-98, 298-07-08

Товарищество с ограниченной
ответственностью «КПМГ Аудит»
050051 Алматы, пр. Достык 180,
E-mail: company@kpmg.kz

«Каспий Лимитед» ЖШС қатысушысына

Біз ұсынылып отырған «Каспий Лимитед» ЖШС (бұдан әрі - Компания) 2014 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы есептен, кірістер мен шығыстар туралы есептен, жиынтық кіріс, капиталдағы өзгерістер және аталған күнде аяқталатын жыл ішіндегі қаржы құралдарының қозғалысы туралы есептен, сонымен қатар, есепті саясаттың негізгі ережелеріне қысқаша шолу мен басқа да түсіндірме ақпараттардан құралатын ескертпелерден тұратын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Басшылықтың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық аталмыш қаржылық есептілікті Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес дұрыс құрастыру және ішкі бақылау үшін жауапкершілікте болады, оны басшылық қандай да бір қателіктер арам ниетті әрекет салдарынан бұрмаланбаған қаржылық есептілікті құрастыру үшін қажет деп есептейді.

Аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің жауапкершілігіміз өзіміз жүргізген аудит негізінде аталмыш қаржылық есептілік туралы пікірімізді білдіру. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Аталмыш стандарттар әдепнама нормаларын сақтауды және аудитті қаржылық есептілікті айтарлықтай бұрмалау жоқ екендігіне ақылға қонымды сенімділік алатындай жоспарлау мен жүргізуді талап етеді.

Аудитке қаржылық есептіліктің сандық көрсеткіштерін растайтын және мұндағы ақпаратты ашып көрсететін аудиторлық дәлелдерді алуға бағытталған үдерістерді жүргізу жатады. Үдерістерді таңдау аудитордың кәсіби ойлауына, арам ниетті әрекеттер мен қателіктер салдарынан қаржылық есептіліктің бұрмалану қаупін бағалауына тәуелді болады. Осы қауіптерді басқару үдерісінде аудитор қаржылық есептілікті жасау мен дұрыс ұсынуға ішкі бақылау жүйесін қарастырады, бұл ішкі бақылау тиімділігі туралы пікірін білдіру мақсатында емес, жағдаятқа сәйкес аудиторлық үдерістерді әзірлеу үшін қажет. Аудитке қолданылған есепті саясаттың тиімді сипатын бағалау және басшылық жасаған бухгалтерлік бағалаулардың негізділігі, сонымен қатар, тұтас қаржылық есептілікті ұсынуды бағалау жатады.

Біз, алынған аудиторлық дәлелдер аудиторлық пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті болып табылады деп есептейміз.

Пікір

Біздің ойымызша қаржылық есептілік 2014 жылғы 31 желтоқсандағы Компанияның қаржылық жағдайын барлық қатынастарда дұрыс көрсетеді, сонымен қатар, оның аталған күні аяқталған қаржылық нәтижелері мен қаржы құралдарының қозғалысы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес беріледі.

Басқа да мәліметтер

2013 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жылдың компанияның қаржылық есептілігін басқа аудиторлар жүргізген, олардың 2014 жылғы 20 наурыздағы есебінде қаржылық есептілік туралы түрлендірілмеген пікір болған.

Нигай А.Н.

Қазақстан Республикасының
сертификатталған аудиторы
аудитордың біліктілік куәлігі
№ МФ-0000086 , 2012 жылғы 27 тамыз

«КПМГ Аудит» ЖШС

Аудиторлық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия № 0000021, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2006 жылы 6 желтоқсанда берген.

Нигай А.Н.

«КПМГ Аудит» ЖШС Жарғы негізінде әрекет ететін бас директоры

2015 жыл 31 наурыз

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП


2014 жылғы 31 желтоқсан

МЫҢ ТЕҢГЕ	МЫС	2014	2013
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	6	11,939,304	12,419,364
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	7	2,803,136	1,834,154
Материалдық емес активтер		3,797	5,711
Аяқталмаған құрылыс	6	279,717	116,353
Ұзақ мерзімді алдын ала төлем	6	36,508	11,437
Байланысты тараптар берешегі	24	565,303	49,800
Пайдалануы шектелген қаржы құралдары		-	2,165
		15,627,765	14,438,984
Қысқа мерзімді активтер			
Тауарлық-материалдық құндылықтар	8	312,342	309,112
Дебиторлық берешек	9	302,228	319,330
Салықтар бойынша алдын ала төлем	10	10,242	11,224
Ұжымдық салық бойынша алдын ала төлем		159,579	189,043
Байланысты тараптар берешегі	24	998,606	1,560,637
Басқа да алдын ала төлем	11	31,601	24,832
Қаржы құралдарының және олардың баламалары	12	261,938	56,673
		2,076,536	2,470,851
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	6	-	400,763
		2,530,531	2,871,614
БАРЛЫҒЫ АКТИВТЕР		17,704,301	17,310,598
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Капитал			
Жарғылық капитал	13	5,656,808	5,656,808
Таратылмаған табыс		2,100,232	1,812,448
Кейінге қалдырған салықты шегергендегі артық бағалау бойынша резерв		5,073,345	5,286,462
БАРЛЫҒЫ КАПИТАЛ		12,830,385	12,755,718
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Ұзақ мерзімді несие	14	602,362	620,106
Төлем жасалатын облигация	16	2,164,660	2,127,944
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттеме	23	1,142,477	1,126,213
		3,909,499	3,874,263


МЫҢ ТЕҢГЕ	МЫС	2014	2013
Қысқа мерзімді міндеттеме			
Ұзақ мерзімді берешектің ағымдағы бөлімі	14	340,844	351,825
Қысқа мерзімді несие	15	266,200	-
Төленетін пайыздар		30,449	27,903
Сауда кредиторлық берешек	17	208,841	146,120
Тұтынушылардан алынған алдын ала төлем		49,430	85,592
Төленетін салықтар	18	42,842	63,174
Байланысты тараптар алдындағы берешек	24	25,399	3,137
Басқа да кредиторлық берешек және есептеулер		412	2,866
		964,417	680,617
БАРЛЫҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		4,873,916	4,554,880
БАРЛЫҒЫ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		17,704,301	17,310,598

2015 жылы 31 наурызда қол қойылған және шығаруға рұқсат берілген.

Бас директор
Франциско Паррилла



Бас бухгалтер
Сауле Туктабаева



КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жылға


МЫҢ ТЕҢГЕ	МЫС	2014	2013
Номерлер мен жалға алу кірісі	5	2,807,661	2,759,204
Азық-түлік пен сусын сату кірістері	5	184,866	361,035
Басқа да операциялық кірістер	5	238,827	309,105
БАРЛЫҒЫ ТҮСІМ		3,231,354	3,429,344
Коммуналдық қызметтер, жинау және техникалық қызмет көрсету		(996,498)	(1,146,374)
Азық-түлік және сусын шығындары		(383)	(84,270)
Еңбек ақы және басқа да қызметкерлер төлемдері	19	(195,047)	(192,433)
Жалпы және әкімшілік шығындар	20	(553,454)	(584,211)
Амортизация	5	(673,410)	(686,390)
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІС		812,562	735,666
Оң бағам айырымы, нетто		45,404	1,046
Негізгі құралдар жылыстауы шығыны		(157,143)	(74,187)
Қаржыландыру кірістері	21	543	17,236
Қаржыландыру бойынша шығындар	21	(354,496)	(399,069)
Басқа да кіріс		1,083	368
Басқа да шығындар	22	(68,062)	(70,140)
КІРІС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫНДАРҒА ДЕЙІНГІ КІРІС		279,891	210,920
Кіріс салығы бойынша шығындар	23	(48,572)	(66,998)
ЖЫЛ ІШІНДЕГІ КІРІС		231,319	143,922

2015 жылы 31 наурызда қол қойылған және шығаруға рұқсат берілген.

Бас директор
Франциско Паррилла



Бас бухгалтер
Сауле Туктабаева



ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жылға


МЫҢ ТЕҢГЕ	МЫС	2014	2013
ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ТАЗА КІРІС		231,319	143,922
Басқа жиынтық шығын			
<i>Кіріс немесе шығын құрамына қайта жіктелмейтін басқа да жиынтық шығын:</i>			
Бұрынғы артық бағалау есебінен жер немесе ғимараттың құнсыздануы	6	(13,805)	-
Кіріс салығы әсері	23	2,761	-
Салықты шегергендегі басқа жиынтық шығын		(11,044)	-
Барлығы жыл ішіндегі жиынтық шығын		220,275	143,922

2015 жылы 31 наурызда қол қойылған және шығаруға рұқсат берілген.

Бас директор
Франциско Паррилла



Бас бухгалтер
Сауле Туктабаева



ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жылға

МЫҢ ТЕҢГЕ	МЫС	2014	2013
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША АҒЫНДАРЫ			
Кіріс салығы бойынша шығындарға дейінгі кіріс		279,891	210,920
ТҮЗЕТУ:			
Амортизация		673,410	686,390
Өткізілмеген(оң) /теріс бағам айырымы		(29,786)	713
Күмәнді берешек бойынша резервтегі өзгеріс		3,487	(1,803)
Қаржыландыру бойынша шығындар, нетто	21	353,953	381,833
Сатуға арналған негізгі құралдардың және ұзақ мерзімді активтердің жылыстау шығыны		157,143	74,187
АЙНАЛЫМДАҒЫ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСКЕ ДЕЙІНГІ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ТҮСЕТІН ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ		1,438,098	1,352,240
Операциялық активтердегі кему/(арту):			
Тауарлық-материалдық қор		(3,230)	135,181
Дебиторлық берешек		13,615	280,708
Байланысты тараптардың несиеден басқа берешегі		(388,863)	(126,553)
Басқа да активтер		(3,622)	74,574
Операциялық міндеттемелердегі (кему) / арту:			
Кредиторлық берешек		62,721	1,946
Байланысты тараптардың несиеден басқа берешегі		22,262	(20,335)
Басқа да кредиторлық берешек		(59,360)	14,612
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ТҮСІМІ		1,081,943	1,712,373
Төленген пайыздар		(310,512)	(365,833)
Төленген кіріс салығы		-	(27,769)
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ҚҰРАЛДАРДЫҢ ТАЗА ТҮСІМІ		771,431	1,318,771
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚША АҒЫНЫ			
Байланысты тараптарға берілген несие	24	(251,550)	(534,750)
Байланысты тараптар өтеген несие	24	36,000	121,897
Негізгі құралдарды сатып алу		(363,099)	(187,383)
Сатуға арналған негізгі құралдар мен ұзақ мерзімді активтердің жылыстауы түсімдері		259,537	55,691
Инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатып алу	7	(362,944)	(16,284)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(1,591)	(745)


МЫҢ ТЕҢГЕ	МЫС	2014	2013
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН ҚҰРАЛДАРДЫҢ ТАЗА ШЫҒЫНЫ		(683,647)	(561,574)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША АҒЫНДАРЫ			
Байланысты тараптар несиесін өтеу	24	-	(48,958)
Ұзақ мерзімді берешекті өтеу	14	(409,825)	(340,225)
Ұзақ мерзімді кредит және несие алу	14	381,100	-
Келісім бойынша шығындар		(4,897)	(27,522)
Қысқа мерзімді несие алу	15	517,200	
Қысқа мерзімді несиені алу	13	(251,000)	(299,998)
Дивидендтер төлеу		(145,608)	-
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕ АҚША АҒЫНДАРЫНЫҢ ТАЗА ТҮСІМІ/ (ШЫҒЫНЫ)		86,970	(716,703)
ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА АРТУЫ		174,754	40,494
Айырбас бағамындағы өзгерістердің ақша ағындары мен баламаларына әсері		30,511	(18)
Жыл басындағы қаржы құралдары және оның баламалары	12	56,673	16,197
ЖЫЛ СОҢЫНДАҒЫ АҚША АҒЫНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ	12	261,938	56,673

2015 жылы 31 наурызда қол қойылған және шығаруға рұқсат берілген.

Бас директор
Франциско Паррилла



Бас бухгалтер
Сауле Туктабаева



КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жылға


Мың теңге	Жарғылық капитал	Артық бағалау резерві	Таратылмаған табыс	Барлығы
2013 жылғы 1 қаңтарда	5,656,808	5,302,939	1,652,049	12,611,796
Жылдағы таза табыс	-	-	143,922	143,922
БАРЛЫҒЫ ТАЗА ТАБЫС	-	-	143,922	143,922
Жылыстаушы негізгі құралдарды артық бағалау бойынша қордың ауысуы	-	(16,477)	16,477	-
2013 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА	5,656,808	5,286,462	1,812,448	12,755,718
2014 жылғы 1 қаңтарда	5,656,808	5,286,462	1,812,448	12,755,718
Жылдағы таза табыс	-	-	231,319	231,319
БАСҚА ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС				
Салықты шегергендегі бұрын артық бағаланған жер мен ғимараттардың құнсыздануы	-	(11,044)	-	(11,044)
БАРЛЫҒЫ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС	-	(11,044)	231,319	220,275
КОМПАНИЯНЫҢ МЕНШІК ИЕЛЕРІМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР				
ЖАРНАЛАР МЕН ТӨЛЕМДЕР				
Дивидендтер (Ескерту 13)	-	-	(145,608)	(145,608)
БАРЛЫҒЫ ЖАРНАЛАР МЕН ТӨЛЕМДЕР	-	-	(145,608)	(145,608)
Жылыстаған негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша резервтің ауысуы	-	(202,073)	202,073	-
2014 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА	5,656,808	5,073,345	2,100,232	12,830,385

2015 жылы 31 наурызда қол қойылған және шығаруға рұқсат берілген.

Бас директор
Франциско Паррилла



Бас бухгалтер
Сауле Туктабаева



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР

1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«Каспий Лимитед» (бұдан әрі «Компания») ЖШС 1994 жылы 20 шілдеде Шағала тобы құрамында құрылған. Шағала компаниялар тобы қонақ үй қызметтерін көрсетуде маман болып табылады және негізінен Қазақстанның қазіргі кезде мұнай барлау және өндіру бойынша әлемдегі ірі орындардың бірі ретінде орныққан Каспий аймағында жұмыс жасайтын мұнай – газ компаниялары мен оларға қызмет көрсететін компанияларға бағдарланады. Атап айтар болсақ, Шағала компаниялар тобы елдің Каспий аймағындағы мұнай және газ өндіретін барлық ірі компанияларды материалдық-техникалық қамтамасыз етеді, тұрғылықты ғимараттар мен кеңселер, қосымша мейрамхана қызметін, бос уақытты ұйымдастыру қызметтерін, көлік қызметтерін және қойма ғимараттарын ұсынады. Компания Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде анықталғандай жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып табылады және Голландияда тіркелген «Chagala International Holding B.V.» және «Chagala Cooperatief U.A.» еншілес компаниялар арқылы «Chagala Group Limited» (бұдан әрі «Шағала компаниялар тобы» немесе «Негізгі компания») толықтай тиісті болады.

Өзінің 19 жылдық тарихында Компания:

- мұнай және газ саласындағы бизнесмендер мен жұмыскерлер қатарынан тұтынушыларды қабылдауға арналған мейрамхана қызметі бар үш жұлдызды қонақ үй;
- тұратын тұтынушыларға толық және жоғары сапалы қызмет көрсететін апартаменттер және таунхаустар;
- бірқатар жеке жұмыс жасайтын мейрамханалар мен барлар;
- халықаралық стандартқа сәйкес кеңсе ғимараттарын салған.

Компания келесі қызметтерді жүзеге асырады:

- қонақ үй номерлерін, апартаменттерді және таунхаустарды жалға беру;
- мейрамхана кешенін басқару;
- бизнес-орталықтарды жалға беру;
- байланысты тараптарға мейрамхана кешендері мен қонақ үйлерді жалға беру.

2012 жылы Компания «Шағала Менеджмент» ЖШС қызметкерлерінің бір бөлігін Компанияның операциялық және әкімшілік қызметтерін көрсететін «Chagala Group Limited» еншілес компаниясына ауыстырған.

2013 жылы Компания «Шағала Менеджмент» ЖШС мейрамханалары, қонақ үйлері мен апартаменттерін операциялық жалға беру шарттарымен берген.

Компанияның тіркелген кеңсесі Қазақстан Республикасы, Атырау қ., 060002, «Шағала» қонақ үйі, Исмагулов к., 1 мекен жайында орналасқан.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Дайындау негізі

Аталмыш қаржылық есептілік әділетті құны бойынша ескерілетін жер, ғимараттар мен құрылымдар басқа бастапқы құны бойынша бағалау ұстанымына сәйкес дайындалған.

Қаржылық есептілік теңгемен берілген және аталмыш қаржылық есептіліктегі барлық шамалар басқа жағдай көрсетілмеген жағдайда тұтас мыңдықтарға дейін жуықталған.

Компанияның қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес (ҚЕХС) дайындалған.

2.1 Есепті саясаттағы және ақпаратты ашу ұстанымдарындағы өзгерістер

2014 жылғы 31 желтоқсанға дейін күшіне енбеген бірқатар жаңа стандарттар, стандарттар мен түсініктемелердің өзгерістері және олардың талаптары аталмыш қаржылық есептілікті дайындау барысында ескерілмеген. Компания аталған стандарттар мен түсініктемелерді күшіне енгеннен кейін пайдалануды жоспарлап отыр.

Жаңа стандарт / стандартты түзету	Талаптың қысқаша сипаттамасы	Қаржылық есептілікке мүмкін ықпалы
ҚЕХС (IFRS 9) «Қаржылық құраллар»	2014 жылы шілде айында жарық көрген ҚЕХС (IFRS) 9 қолданыстағы ҚЕХС (IAS) 39 «Қаржылық құралдар: тану және бағалау» алмастырады. ҚЕХС (IFRS 9) қаржылық активтерді жіктеу мен бағалауға қатысты қайта қарастырылған нұсқаулықтан тұрады, оған хеджирлеуді ескеру бойынша жаңа жалпы талаптар және құнсыздандыруды бағалаудың кредиттік шығындары жатады. Сонымен қатар, жаңа стандарт ҚЕХС (IAS) 39 қабылданған қаржылық құралдарды тану және тоқтатуға қатысты нұсқаулықты күшінде қалдырады. ҚЕХС (IFRS) 9 2018 жылғы 1 қаңтардан басталатын және осы күннен кейінгі жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Стандартты мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.	Компания ҚЕХС (IFRS) 9 қаржылық есептілікке мүмкін әсерін бағалау үстінде.
ҚЕХС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен келісімдер бойынша түсім»	ҚЕХС (IFRS) 15 түсім қандай сомада және қашан танылуы керек екендігін анықтауға арналған ұстанымдар жүйесін белгілейді. Стандарт түсімді тануға қатысты қолданыстағы нұсқаулықты, оның ішінде ҚЕХС (IAS) 11 «Құрылыс келісімдері», ҚЕХС (IAS) 18 «Түсім» және ҚЕХС (IFRIC) 13 «Тұтынушылардың ынтымақтастығы бағдарламасын» алмастырады. Жаңа стандарттың негізгі ұстанымы кәсіпорын тұтынушыларға уәде берілген тауарлар мен қызметтерді беруді өтемге сәйкес сомада көрсету үшін мойындайды, өзінің күткеніне сәйкес осы тауарды немесе қызметті алмастыруға құқылы болады. Жаңа стандарт түсімге қатысты мұндай жариялауды қарастырады және бұрын толық көлемде қарастырылмаған операцияларды ескеру бойынша нұсқаулық қосады және көптеген элементтерден құралатын келісім-шарттарды жақсарту бойынша нұсқауларды жақсартады. ҚЕХС (IFRS) 15 жылдық есепті кезеңдерге қатысты 2017 жылдың 1 қаңтарынан және осы күннен кейін күшіне енеді. Стандартты мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.	Компания ҚЕХС (IFRS) 15 қаржылық есептілікке мүмкін әсерін бағалау үстінде.

3. ЕСЕПТІ САЯСАТТЫҢ АЙТАРЛЫҚТАЙ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

3.1 Шетелдік валютаны қайта есептеу

Қаржылық есептілік теңгемен ұсынылған, ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы және Компанияның қызметтік және ұсыну валютасы болып табылады.

Шетелдік валютадағы операциялар бастапқыда қызметтік валютаның транзакция тану үшін алғаш жіктелген күндегі спот бағамы бойынша ескеріледі.

Шетелдік валютамен берілген монетарлық активтер мен міндеттемелер белгілі күндегі валюталық спот бағам бойынша қайта есептеледі. Монетарлық баптарды қайта есептеу кезінде немесе өтеу кезінде туындайтын бағам айырмашылықтары кіріс немесе шығын құрамында қосылады.

Шетелдік валютадағы тарихи құны негізінде бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы келісімді жасаған күнде қолданыста болған бағам бойынша қайта есептеледі. Шетелдік валюта бойынша әділетті құнына сәйкес есептелетін монетарлық емес баптар әділетті құнын анықтау күнінде қолданыста болған бағамдар бойынша есептеледі.

Ресми алмасу курсы ретінде Қазақстан Республикасында Қазақстан қор биржасында («ҚҚБ») белгіленген орташа өлшемді валюта бағамы пайдаланылады.

Аталмыш қаржылық есептілікті дайындау барысында АҚШ долларының теңгеге қатысты келесі айырбастау бағамы пайдаланылған:

	31 желтоқсан	Жыл ішіндегі орташа шама
2014	182.35	179.19
2013	153.61	152.14

3.2 Активтер мен міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді түрлерге жіктеу

Компанияның жағдайы туралы қаржылық есепте қысқа және ұзақ мерзімді түрлерге жіктеу негізінде активтер мен міндеттемелер беріледі. Келесі жағдайларда актив қысқа мерзімді болып есептеледі:

- оны өткізу ұсынылады немесе ол әдеттегі операциялық айналым шеңберінде сатуға немесе тұтынуға арналған;
- ол негізінен сауда мақсатына арналған;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде сату ұсынылады; немесе
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі ай ішінде алмастырылатын немесе өтеу үшін пайдаланылатын шектеулер болмаған жағдайда қаржы құралдары немесе оның баламасы түрінде болады.

Қалған барлық активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

Келесі жағдайларда міндеттемелер қысқа мерзімді болады:

- оны әдеттегі операциялық айналым шеңберінде өтеу ұсынылады;
- ол негізінен сауда мақсатында шегеріледі;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде өтелуі тиісті болады; немесе
- есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі ай ішінде міндеттемені өтеуді кейінге қалдырудың шартсыз құқығы болмайды.

Компания басқа барлық міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

3.3 Әділетті құнды бағалау

Әділетті құн активті сатудан түскен немесе бағалау күнінде нарық қатысушылары арасында жасалған келісім шеңберінде міндеттемені беру үшін төленген баға болып табылады. Әділетті құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша келісім:

- аталмыш актив немесе міндеттеме нарығында негізгі;
- немесе негізгі нарық болмаған жағдайда аталмыш актив немесе міндеттеме арналған қолайлы нарықта болады деген болжам жасайды.

Компанияның негізгі немесе неғұрлым қолайлы нарыққа қолжетімділігі болуы керек.

Активтің немесе міндеттеменің әділетті бағасы нарық қатысушылары актив немесе міндеттеме құнын анықтауда пайдаланатын әділетті баға ретінде бағаланады, бұл жағдайда нарық қатысушылары өз міндеттемелеріне сәйкес әрекет етеді деген болжам жасалады. Қаржылық емес активтің әділетті құнын бағалау нарық қатысушысының активті ең үздік және ең тиімді түрде пайдаланудан экономикалық пайда генерациялау және аталмыш активті тиімді пайдаланатын нарықтың басқа қатысушыларына тиімді сату мүмкіндіктерін ескереді.

Компания қалыптасқан жағдайда ең қолайлы болып табылатын бағалау әдістемелерін пайдаланады, ол әділетті құнды бағалау үшін жеткілікті болып табылады және бұл жағдайда орынды бақыланатын бастапқы мәліметтерді максималды және бақыланбайтын бастапқы мәліметтерді минималды пайдалана отырып анықтайды.

Әділетті құны қаржылық есептілікте бағаланатын немесе жарияланатын барлық активтер мен міндеттемелер әділетті бағаның төменде сипатталған бағынышсатысы түрінде жіктеледі және тұтас алғанда әділетті бағаны бағалау үшін ең төменгі деңгей негізінде болады:

- 1 деңгей – Сәйкес активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықта нарықтық баға белгілеу (қандай да бір түзетулерсіз);
- 2 деңгей – Әділетті баға үшін бағынышсатыны неғұрлым төменгі деңгейіне жататын бастапқы мәліметтер нарықта тікелей немесе жанама бақыланатын бағалау үлгісі;
- 3 деңгей – Әділетті бағаны бағалаудың бастапқы мәліметтер нарықта бақыланбайтын және бағынышсатының неғұрлым төмен деңгейіне жататын бағалау үлгісі.

Маусымды негізде қаржылық есептілікте қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Компания әрбір есепті кезеңнің соңында жіктеуді қайта талдай отырып, бағыныш саты көздерінің деңгейлері арасында ауыстыру қажеттілігін анықтайды (ең төменгі деңгейдегі бастапқы мәліметтер негізінде, олар тұтас алғанда әділетті бағаны анықтау үшін біршама деңгейде болып табылады).

3.4 Негізгі компанияның акционерлеріне сату немесе тарату үшін шегерілетін ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет

Компания ұзақ мерзімді активтерді және жылыстау топтарын негізгі компания акционерлеріне сату немесе бөлу үшін шегерілетін теңгерімдік құны ұзақ уақыт пайдалану нәтижесінде емес сату немесе тарату арқылы өтелетін жағдайдай жіктейді. Сату немесе тарату үшін шегерілетін ретінде жіктелетін активтер мен жылыстау топтары екі шаманың кем дәрежесі бойынша бағаланады. Тарату шығындары қосымша шығындар болып табылады және кіріс салығы бойынша шығындар мен зияндардан басқасы тікелей таратуға қатысты болады.

Тарату үшін шегерілетін ретінде жіктеу критерийлері тек тарату ықтималдығы жоғары болған және актив немесе жылыстау тобы ағымдағы жағдайында дереу таратылған жағдайда ғана сақталған болып есептеледі. Таратуды аяқтау үшін қажетті шаралар таратудағы біршама өзгерістер ықтималдығы төмен екенін көрсетуі керек. Басшылық жіктелгеннен кейін бір жыл ішінде жүргізілуі тиісті таратуға мүдделі болуы керек. Теңдес бағалаулар сату үшін шегерілетін активтер немесе жылыстау топтарына қатысты қолданылады.

Жіктеуден кейін сату немесе тарату үшін шегерілетін негізгі құралдар мен материалдық емес активтер амортизациялауға жатпайды.

Сату немесе тарату үшін шегерілетін активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте ағымдағы бап ретінде жеке ұсынылады.

Келесі жағдайларда жылыстау тобы қызметті тоқтату талаптарын қанағаттандырады:

- Компанияның ақша ағындарын генерациялау бірлігі болып немесе («ААГБ») немесе ААГБ тобы болып табылатын құрауышы;
- Сату немесе тарату үшін бөлінген немесе осындай түрде жылыстаған ретінде жіктелетіндер; немесе
- Қызметтің негізгі бағыттары немесе негізгі географиялық саласы.

Тоқтатылған қызмет жалғасын тапқан қызмет нәтижесінен шығарылады және кірістер мен шығыстар туралы есепте тоқтатылған қызметтен түскен салық ретінде бірыңғай сома ретінде ұсынылған нәтижеден шығарылады.

3.5 Негізгі құралдар

Жер және ғимараттар әділетті бағасы бойынша бағаланады және ғимараттар бойынша қайта бағалау күнінен кейін танылған құнсыздану шығындары шегеріледі. Бағалау қайта бағаланған активтің әділетті бағасы оның теңгерімдік құнынан біршама өзгеше болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

Қайта бағалау құнының өсімі басқа да жиынтық табыс құрамында көрсетіледі және капитал құрамына енетін активтерді қайта бағалау қорының артуына жатқызылады, бұл кіріс немесе шығыс құрамында қайта бағаланатын активті қайта бағалау шығынын қалпына келтірмейді. Бұл жағдайда арттыру кірістер мен шығыстар туралы есепті көрсетіледі. Қайта бағалау шығыны кірістер мен шығыстар туралы есепте оң бағалауды кемітетін бөлігіне қатысты бөлігінен басқасын көрсетіледі, олар бұрын қайта бағалау қорының құрамында болған.

Қайта бағалау күнніңдегі жинақталған тозу активтің жалпы теңгерімдік құнының бір мезгілдегі кемуімен ерекшеленеді және алынған сома қайта бағаланған актив сомасына орай қайта есептеледі. Актив жылыстаған жағдайда сәйкес сома таратылмаған табыс құрамына ауыстырылады.

Жиһаз бен құрылғылар жинақталған тозу және/немесе жинақталғын құнсыздануды шегеріп, бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Мұндай құнға тағайындау критерийлеріне сәйкес келген жағдайда құрылғыларды алмастырумен байланысты шығындарды да жатқызуға болады.

Тозу активтерді пайдалы қолданудың есепті мерзімі ішінде сызықты әдіспен есептеледі:

Ғимараттар		20-50 жыл
Жиһаздар мен құрылғылар		3-10 жыл

Негізгі құралдар нысанын немесе олардың біршама құрауышын тануды тоқтату болашақта аталмыш активті пайдаланудан немесе жылыстаудан экономикалық пайда алу күтілмеген жағдайда жүзеге асырылады. Активті тануды тоқтату нәтижесінде туындайтын кірістер немесе шығыстар (жылыстаудың таза түсімдері және активтердің теңгерімдік құны арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану тоқтатылған есепті кезеңде жиынтық кіріс есебінде көрсетіледі.

Негізгі құралдарды тарату құны, пайдалану мерзімі және тозуды есептеу әдістері әрбір қаржылық жыл соңында талданып, қажет болған жағдайда келесі кезеңдерде түзетіледі.

Құрылысы аяқталмаған барлық нысандар «Капиталды аяқталмаған құрылыс ретінде» жіктеледі және өзіндік құны бойынша бағаланады. Құрылысы аяқталмаған нысандарға амортизация есептелмейді. Жобаларды аяқтап, пайдалануға бергеннен кейін олар негізгі құралдар құрамына қосылады. Сонымен қатар, аяқталмаған капиталдық құрылысқа таратылып әкетілген немесе орнатылмаған құрылғылар жатады, олар жинақтау немесе орнатылған құрылғылар санатына жатады.

3.6 Жалгерлік

Қандай да бір келісім-шарттың жалгерлік екендігін немесе онда жалгерлік белгілері бар екендігін анықтау келісім қызметі басталған күндегі келісім-шарт мазмұнын талдауға негізделген. Осындай талдау шеңберінде келісімді орындау нақты активті немесе активтерді

пайдалануға тәуелді болатындығын және активті пайдалану құқығына ауысатындығын белгілеу қажет болады, бұл келісімде аталған жағдай көрсетілмеген жағдайға қатысты болады.

Компания жалгер ретінде

Компанияға барлық тәуекелдер мен пайдалар ауысатын жалға берілген активті иеленумен байланысты қаржылық жалгерлік жалға алынған мүліктің жалгерлік мерзімі басталған күнге әділетті құны бойынша капиталданады немесе аталған сома кем болса – минималды жалға алу төлемдерінің дисконтталған құны бойынша есептеледі. Жалға алынған төлемдер қаржыландыру бойынша шығындар арасында және негізгі соманың кемуімен өтелмеген міндеттеме сомасына тұрақты пайыз мөлшерлемесі алынған түрде бөлінеді. Қаржыландыру бойынша шығындар кірістер мен шығыстар туралы есепте көрсетіледі.

Жалға берілген актив активті пайдалы қолдану ішінде амортизацияланады. Алайда, егер Компания жалгерлік мерзімі соңында активтерге меншік құқығына ауысатындығына негізді түрде сенімді болмаған жағдайда актив келесі кезеңдердің ең қысқасының ішінде амортизацияланады: активті пайдалы қолданудың есепті мерзімі және жалгерлік мерзімі.

Операциялық жалгерлік бойынша төлемдер жалға алу мерзімі ішінде біркелкі бөлінген кірістер мен шығыстар туралы есепте шығын ретінде көрсетіледі.

Компания жалға беруші ретінде

Компанияда активті иеленудің барлық тәуекелдері мен кірістері тиесілі болатын жалгерлік келісімдері операциялық жалгерлік ретінде жіктеледі. Операциялық жалға беру келісімін жасасу кезінде көрген бастапты тікелей шығындар жалға берілген активтің теңгерімдік құнына қосылады. Жалгерлік бойынша шартты төлемдер алынған кезеңдегі түсім құрамында болады.

3.7 Несие бойынша шығындар

Активтерді сатып алу, құрылыс және өндірумен тікелей байланысты несиелер бойынша шығындар міндетті түрде Компанияның сату ниеттеріне сәйкес пайдалануға дайындау үшін біршама ұзақ уақытты қажет етеді немесе осындай активтің бастапқы құны бойынша капиталданады. Несие бойынша барлық басқа шығындар тиісті есепті кезеңдегі шығындарға жатқызылады. Несиелер бойынша шығындарға пайыздарды төлеу және несиелер құралдарымен байланысты ұйым көрген басқа да шығындар жатқызылады.

3.8 Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлік бастапқыда алғашқы құны және келісім-шарт бойынша шығындары бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін инвестициялық жылжымайтын мүлік жиынтық тозуын және бар болған жағдайда жинақталған құнсыздану шығындарын ескере отырып есептеледі.

Тозу тік сызықты әдіспен активтерді пайдалы қолдану мерзімі ішінде келесі түрде есептеледі:

Ғимараттар	20-50 жыл
------------	-----------

Инвестициялық жылжымайтын мүлікті тану ол жылыстағаннан кейін немесе пайдаланудан шығарылған жағдайда және болашақта экономикалық пайда алу күтілмейтін жағдайда тоқталады. Активтің таза түсімдері мен теңгерімдік құны арасындағы айырмашылық кірістер мен шығыстар туралы есепте тану тоқтатылған есепті кезеңде көрсетіледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік санатына ауыстыру тек жылжымайтын мүлікті пайдалану сипатында өзгерістер болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Жылжымайтын мүлік инвестициялық жылжымайтын мүлік нысанына ауысқан жағдайда Компания мұндай жылжымайтын мүлікті пайдалану мақсатын өзгерткен сәттен бастап негізгі құралдарды есепке алу саясатына сәйкес ескереді. Меншік иесі иеленетін нысан жағдайында жылжымайтын мүлік инвестициялық мүлік нысанына айналғанда, Компания мұндай жылжымайтын мүлікті пайдалану мақсатын өзгерткенге дейін негізгі құралдарды есепке алу саясатына сәйкес ескереді.

3.9 Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер бағдарламалық жабдықтама түрінде болады. Материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны шегерген құны бойынша көрсетіледі. Материалдық емес активтер бес жыл ішінде тік сызықты әдіс бойынша амортизацияланады. Амортизация тиісті болатын кезеңдегі кірістер мен шығыстар туралы есепте көрсетіледі.

3.10 Тауарлық-материалдық қорлар

Тауарлық-материалдық қорлар екі шаманың ең кемі бойынша бағаланады: сатып алу бағасы және таза өткізу құны. Сатып алу шығындары мен басқа да шығындардан құралатын тауарлық-материалдық қордың құны орташа өлшемді құны бойынша анықталады. Өткізудің таза құны әдеттегі қызмет барысында өткізудің таза құны ретінде анықталады, одан өткізу шығындары және өндірісті аяқтау шығындары шегеріледі.

3.11 Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті күнде Компания активтің мүмкін құнсыздану белгілері болуын анықтайды. Егер мұндай белгілер орын алатын болса немесе активтердің құнсыздануын жыл сайынғы тексеру қажет болса, Компания активтің өтелетін құнын өндіреді. Активтер тобының өтелетін құны активтің әділетті құны немесе ААГБ ең көп шамасы болып табылады және пайдалану құндылығы мен өткізу шығындарын шегереді. Өтелетін құн жекелеген актив үшін актив қаржы құралдары ағындарын генерацияламаған жағдайда анықталады, негізінен олар басқа активтер немесе активтер топтары генерациялайтын ағындардан тәуелсіз болып табылады. Егер активтің немесе ААГБ теңгерімдік құны оның өтелетін құнының артық болса, актив немесе ААГБ құнсыздандырылған болып есептеледі және өтелетін құннан шығарылады.

Пайдалану құндылығын бағалау барысында болашақтағы ақша ағындары келтірілген құнына дейін салық салғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады, олар активке немесе ААГБ тән ақша немесе тәуекелдің уақытша құнын көрсетеді. Сату шығындары шегерілген әділетті құнды анықтау барысында бар болған жағдайда жақын уақыттағы нарықтық келісімдер ескеріледі. Олар болмаған жағдайда сәйкес бағалау үлгісі қолданылады. Бұл есептеулер бағалау коэффициенттерімен, еншілес компаниялардың акциялар нарығындағы еркін айналымдағы баға белгілеуімен немесе әділетті бағаның басқа да көрсеткіштерімен анықталады.

Компания толық бюджеттерді және болжалды есептеулерді пайдаланып құнсыздану сомасын анықтайды, олар Компанияның әрбір ААГБ үшін жеке дайындалады және оларға жеке активтер жатқызылады. Бұл жоспарлар мен болжалды есептер негізінен бес жылға жасалады. Ұзақ мерзімдер үшін болжалды бес жылдан кейінгі болашақ ақша ағынына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді өсу ырғағы есептеледі.

Жалғасын тапқан қызмет нәтижесінде туындайтын құнсыздану шығындары кірістер мен шығыстар туралы есепте құнсызданған активтің тағайындалуына сәйкес келетін шығындар санаты құрамында көрсетіледі, бұл нәтижелері басқа да жиынтық кірістер құрамында көрсетілетін қайта бағаланған мүліктерден басқа жағдайға қатысты болады. Бұл жағдайда құнсыздану шығыны бұрын жүргізілген қайта бағалау сомасы шегінде басқа жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі.

Компания әрбір есепті күнде гудвиллдан басқа бұрын мойындалған активтің құнсыздану шығындары болуын немесе қысқаруын анықтайды. Егер мұндай белгі бар болса Компания активтің немесе ААГБ өтелетін құнын есептейді. Бұрын мойындалған құнсыздану шығыны құнсызданудың соңғы шығынын тану сәтінен активтің өтелетін құнын анықтау үшін пайдаланылған болжамда өзгерістер орын алған жағдайда сақталады. Қалпына келтіру активтің теңгерімдік құны оның өтелетін құнынан аспаған жағдайда, сонымен қатар, амортизацияны шегергендегі теңгерімдік құнының аспаған жағдайда шектеулі болады, оған сәйкес аталмыш актив алдыңғы жылдарда құнсыздану шығыны танылған жағдайда мойындалады. Құнды мұндай қалпына келтіру кірістер мен шығыстар туралы есепте көрсетілеті, бұл актив қайта бағаланған құны бойынша ескерілген жағдайға қатысты болмайды. Соңғы жағдайда құнды қалпына келтіру қайта бағалау құнының өсімі ретінде ескеріледі.

3.12 Қаржылық құралдар

а) Қаржылық активтер

Бастапқы тану және бағалау

ҚЕХС (IFRS) 39 шеңберінде қаржы активтері несие мен дебиторлық берешек, өтеуге дейін шегерілетін инвестиция және сату үшін қолда бар қаржы активтері немесе хеджирлеу құралдары ретінде анықталған туынды құралдардың тағайындалуына байланысты пайдасы немесе шығыны арқылы әділетті құны бойынша қаржы активтері ретінде жіктеледі. Компания өзінің қаржы активтерін бастапқы тану жағдайында жіктейді.

Бастапқы қаржы активтері пайда немесе шығын бойынша әділетті құны бойынша ескерілетін қаржы активтерінен басқа жағдайда операциялық шегерістерге көбейтілген әділетті құны бойынша танылады.

Компанияның қаржы активтеріне қаржы құралдары және қысқа мерзімді депозиттер, қатыстырылған құралдар және басқа да дебиторлы берешек және несие санатына жатқызылған дебиторлық берешек жатқызылады.

Кейінгі бағалау

Қаржы активтерін кейінгі бағалау келесі түрде оларды жіктеуге тәуелді болады:

Несие және дебиторлық берешек

Несие және дебиторлық берешек белсенді нарықта баға белгіленбейтін белгіленген және анықталған төлемдері бар туынды емес қаржы активтері түрінде болады. Бастапқы танудан кейін осындай түрдегі қаржы активтері тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдаланып анықталатын амортизациялы құны бойынша бағаланады. Дисконттарды немесе сатып алу кезіндегі сыйақыларды және комиссиялар мен шығындарды ескеріп есептелетін амортизациялы құн тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылады. Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану негізіндегі амортизация кірістер мен шығыстар туралы есепте қаржыландыру кірістері құрамына қосылады. Құнсыздануға негіздеген шығындар кірістер мен шығыстар туралы есепте несие жағдайында қаржыландыру шығындары және дебиторлық берешек жағдайында жалпы және әкімшілік шығындар құрамында көрсетіледі.

Тануды тоқтату

Қаржылық актив (немесе қолданылатын жағдайда – қаржы активінің немесе теңдес қаржы активтері тобының бөлігі) келесі жағдайларда қаржылық жағдау туралы есепте танылуын тоқтатады:

- активтерден ақша ағындарын алу құқықтарының қызмет мерзімі өткен;
- Компания активтерден ақша ағындарын алу бойынша өз құқықтарын табыстаған немесе үшінші тарапқа алынатын ақша ағындарын толық көлемде төлеу бойынша «транзиттік» келісімге сәйкес айтарлықтай шегерімсіз міндеттеме алған жағдайда; немесе (а) Компания активтерден келесін барлық тәуекелдері мен пайдаларын табыстаған; немесе (б) Компания аталмыш активті бақылауды табыстаған, активтердің пайдасы мен тәуекелдерін табыстамастан сақтап қалған.

Егер Компания активтерден ақша ағындарын алу бойынша өз құқықтарын табыстаса немесе транзиттік келісім жасаған болса, ол қандай да бір көлемде меншік құқығымен байланысты тәуекелдері мен қауіптерін сақтағанын бағалайды. Егер Компания активтердің барлық тәуекелдері мен пайдаларын табыстамаған және сақтамаған жағдайда актив Компания табысталған активте қатысуын жалғастырып отырған дәрежеде танылады. Бұл жағдайда Компания сәйкес міндеттемені мойындайды. Табысталған актив және сәйкес міндеттеме Компания сақтаған құқықтар мен міндеттемелер көрсетілетін негізде бағаланады.

Табысталған актив бойынша кепіл формасында болатын жалғасын тауып отырған қатысу келесі шамалардың ең азы бойынша танылады: активтің бастапқы теңгерімдік құны немесе Компанияның талап етуі бойынша төленуі мүмкін максималды сома.

б) Қаржылық активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті күнде Компания қаржылық активтің немесе қаржылық активтер тобының құнсыздануы туралы объективті куәлік болуын бағалайды. Қаржылық актив немесе қаржылық активтер тобы тек қандай да бір жағдайлар нәтижесінде құнсыздандыру туралы объективті

куәлік болған жағдайда құнсызданған болып есептеледі, бұл жағдайда («шығын туындау жағдайы» орын алған) және шығын туындау жағдайы (немесе жағдайлары) қаржылық активтерден және қаржылық активтер топтарынан күтілетін болашақ ақша ағындарына әсер еткен жағдайда мойындалады. Құнсыздану белгілеріне несиегер немесе несиегерлер тобының айтарлықтай қаржылық қиыншылықтарының болуы, пайыздарды төлеу немесе негізгі берешек сомасы бойынша міндеттемелерін бұзуы, жоғары банкроттық немесе қаржылық қайта ұйымдасу ықтималдығы және бақыланатын нарықта күтілетін болашақ ақша ағындарының төмендеуі туралы ақпарат жатады.

Амортизациялы құны бойынша ескерілетін қаржы активтер

Амортизациялы құны бойынша ескерілетін қаржы активтеріне қатысты Компания алдымен дербес маңызды қаржы активтерінің құнсыздануының объективті куәлігін бағалау немесе дербес маңызды болып табылмайтын қаржы активтері бойынша жиынтық түрде бағалайды.

Егер Компания дербес бағаланатын қаржы активінің құнсыздануының объективті куәлігі жоқ екенін анықтайтын болса, оның маңыздылығына тәуелсіз ол аталмыш активті кредиттік тәуекел сипаттамалары теңдес қаржы активтері тобына жатқызады және одан кейін аталмыш активтерді жиынтық негізде құнсыздану нысаны ретінде қарастырады. Құнсыздану нысанына жеке бағаланатын активтер құнсыздану шығыны ретінде таныла береді және құнсыздану нысанына бағаланады.

Құнсызданудан шығын көрудің объективті куәлігі болған жағдайда шығын активтің теңгерімдік құны мен арасындағы айырым ретінде бағаланады (болашақта күтілетін кредиттік шығындарды есептеместен). Болашақтағы есепті ақша ағынының келтірілген құны қаржы активтері бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Егер несиенің құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі болса, шығынды бағалау дисконты мөлшерлемесі ағымдағы тиімді пайыздық мөлшерлеме болып табылады.

Активтің теңгерімдік құны резерв шотын пайдалану есебінен төмендейді, ал шығын сомасы кірістер мен шығыстар есебінде көрсетіледі. Төмендетілген теңгерімдік құн бойынша пайыздық кірісті есептеу құнсыздану шығынын бағалау мақсатында болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылатын пайыздық мөлшерлеме негізделіп жалғастырылады. Пайыздық кіріс кірістер мен шығыстар туралы есепте қаржыландыру кірісі құрамында көрсетіледі. Сәйкес резервтері бар несие теңгерімнен шығарылады және қолжетімді қамсыздандыру Компанияға беріледі. Егер келесі жылы құнсыздануды бағалау сомасының шығындары жағдайға байланысты артатын немесе төмендейтін болса, бұрын танылған құнсызданудан шығын сомасы резерв есебінен түзету арқылы артады немесе кемиді. Қаржылық құралдар құнын есептен шығару қалпына келтіріледі, қалпына келтіру сомасы кірістер мен шығыстар туралы есепте қаржыландыру шығындары құрамында көрсетіледі.

в) Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

ҚЕХС (IFRS) 39 қызмет саласына қатысты қаржылық міндеттемелер сәйкесінше қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі, олар хеджирдеу құралдары ретінде анықталған кіріс немесе шығыс, басқа да қаржылық міндеттемелер және туынды құралдар арқылы әділетті құны бойынша жіктеледі. Компания өзінің қаржылық міндеттемелерін бастапқы тану кезінде жіктейді.

Бастапқыда барлық қаржылық міндеттемелер әділетті құны бойынша танылады, басқа қаржылық міндеттемелер жағдайында – келісім-шарт бойынша шығындарды шегеріп есептеледі.

Компанияның қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа да кредиторлық берешек, қаржылық міндеттемелер санатына жатқызылған кредиттер мен несиелер, сонымен қатар, бастапқы тану кезінде әділетті құны бойынша қайта бағалану түрінде анықталған туынды қаржылық құралдар жатады.

Кейінгі бағалау

Қаржылық міндеттемелерді бағалау оларды келесі түрде жіктеуге тәуелді болады:

Пайда немесе шығын арқылы әділетті құны бойынша бағаланған қаржылық міндеттемелер

«Пайда немесе шығын арқылы әділетті құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелерге» саудаға арналған қаржылық міндеттемелер және пайда немесе кіріс арқылы әділетті құны бойынша қайта бағаланатын бастапқы тануда анықталған қаржылық міндеттемелер жатады.

Қаржылық міндеттемелер жақын болашақта сату мақсатында сатып алынған жағдайда сатуға арнаған ретінде жіктеледі. Аталмыш санатқа Компания келісім бойынша тарап болып табылатын және ҚЕХС (IAS) 39 сәйкес хеджирлеу операцияларында хеджирлеу құралдары ретінде анықталмаған туынды қаржылық құралдар жатады.

Сауда үшін арналған міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар кірістер мен шығыстарда көрсетіледі.

Бастапқы тануда кіріс немесе шығыс арқылы әділетті құны бойынша қайта бағаланатын ретінде анықталған қаржылық міндеттемелер бастапқы танылған күніне және ҚЕХС (IAS) 39 критерилерін сақтаған жағдайда осы санатқа жатқызылады. Компанияның кірістер немесе шығыстар арқылы әділетті құны бойынша қайта бағаланатын ретінде анықталған қаржылық міндеттемелері болмайды.

Басқа да қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тануда қаржылық міндеттемелер тиімді пайыздық мөлшерлеме (ТПМ) әдісін пайдаланып, амортизациялық құны бойынша бағаланады. Осындай қаржылық міндеттеме бойынша кірістер мен шығыстар тану тоқтатылған жағдайда кірістер мен шығыстар бойынша есепте көрсетіледі, сонымен қатар, ТПМ пайдалану арқылы амортизацияны есептеуге байланысты танылады.

Амортизациялы құны сатып алу кезіндегі дисконттар мен сыйақыларды және ТПМ ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялар мен шығындарды ескере отырып есептеледі. ТПМ пайдалану негізіндегі амортизация кірістер мен шығыстар туралы есепте қаржылық шығындар құрамына қосылады.

Тануды тоқтату

Қаржылық жағдай туралы есепте қаржылық міндеттемені тану міндеттеме өтелген, жойылған немесе жарамдылық мерзімі өткен жағдайда тоқтатылады. Егер қаржылық міндеттеме сол кредитор алдындағы басқа міндеттемемен алмастырылатын болса немесе қолданыстағы жағдай шарттары өзгерсе мұндай алмастыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттемені тануды тоқтату және жаңа міндеттемені тануды бастау түрінде болады, ал олардың теңгерімдік құнындағы айырмашылықтар кірістер мен шығыстар туралы есепте көрсетіледі.

г) Қаржы құралдарының өзара есебі

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер өзара есептеуге жатады, ал нетто-сумма қаржылық жағдай туралы есепте тек келесі жағдайларда ғана көрсетіледі:

- қазіргі сәтте жүзеге асырылатын мойындалған сомалардың өзара есебіне заңдық құқық болған жағдайда; және
- нетто-негізде есеп жүргізу ниеті болғанда немесе міндеттемелерді өтеумен бір мезгілде активтерді өткізу мүмкіндігі болғанда.

д) Қаржы құралдарының әділетті құны

Сауда белсенді нарықта жүзеге асырылатын қаржы құралдарының әділетті құны әрбір есепті күні келісім-шарт бойынша шығындарды ескерместен нарықтық баға белгілеуге немесе делдалдардың баға белгілеуіне байланысты анықталады (сатып алуға баға белгілеу қысқа позициялар үшін түзетіледі).

Сауда белсенді нарықта жүзеге асырылатын қаржылық құралдар үшін әділетті құн сәйкес бағалау әдістерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Мұндай әдістемелерге келесілер жатады:

- жақын уақытта коммерциялық негізде жүргізілген бағаларды пайдалану;
- теңдес құралдардың ағымдағы әділетті құнын пайдалану;
- дисконтталған ақша ағындарын талдау немесе басқа да талдау үлгілері.

Қаржы құралдарының әділетті құнын талдау және оларды бағалауды жүзеге асыру туралы толығырақ 25 ескертуде берілген.

3.13 Қаржы құралдары және оның баламалары

Қаржы құралдары және олардың баламалары банктегі қаржы құралдары, кассадағы қолма-қол ақша және бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын қысқа мерзімді депозиттер түрінде болады.

3.14 Пайдалану шектелген қаржы құралдары

Пайдалану шектеулі қаржы құралдарына жұмысқа қабылданған шетелдік жұмыскерлер үшін кепілді депозиттер түрінде болатын банк депозиттерінен құралады. Бұл депозиттер қаржы құралдары мен олардың баламаларына қосылмаған.

3.15 Салықтар

а) Қосылған құн салығы («ҚҚС»)

Салық органдары нетто негізде сатып алулар мен сату бойынша ҚҚС өтеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өтелуі тиісті ҚҚС сату бойынша ҚҚС шегерілген сатып алу бойынша ҚҚС түрінде болады.

Төленетін қосылған құн салығы

Төленетін қосылған құн салығы тауарлар мен қызметтерді сату бойынша келісім-шарттар жасасу кезінде туындайды және дебиторлық берешекті тану сәтінде танылады. Сатып алу бойынша ҚҚС төленетін сомадан шегеріледі.

Дебиторлық берешектің құнсыздануы резервін қалыптастыру жағдайында құнсыздану шығыны берешектің ҚҚС қоса алғандағы барлық сомасына ескеріледі. ҚҚС бойынша сәйкес міндеттеме есептілікте салықтық мақсаттағы дебиторлық берешекті есептен шығарғанға дейін көрсетіледі.

Өтелетін қосылған құн салығы

Өтелетін ҚҚС тауарлар, жұмыстар және қызметтерге ҚҚС салынатын жағдайда және табысты генерациялауға бағытталғанда қатысты болады.

Әрбір есепті кезеңде өтелетін ҚҚС төленуге тиісті ҚҚС бойынша берешек сомасына қарсы өтелуге тиісті болады.

б) Ағымдағы кіріс салығы

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдердегі ағымдағы кіріс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдары өтеген немесе төлеген сома бойынша бағаланады. Аталмыш соманы есептеу үшін есепті күні қолданылған немесе нақты заңдастырылған салықтық мөлшерлемелер және салықтық заңнама пайдаланылған.

Капиталда тікелей мойындалған баптарға қатысты ағымдағы кіріс салығы кірістер мен шығыстар туралы есепте емес, капитал құрамында танылады. Басшылық мерзімді түрде салықтық декларацияларда қабылданған позицияларды бағалайды, оларда қолданыстағы салықтық заңнама әр түрлі түсіндірме нысаны болады және қажет болған жағдайда қор қалыптастырады.

в) Кейінге қалдырылған кіріс салығы

Кейінге қалдырылған кіріс салығы есепті күндегі уақытша айырмашылықтар бойынша жағдай әдісіне сәйкес ескеріледі және қаржылық есептілік мақсатында теңгерімдік құн мен салықтық активтер базасы арасындағы айырмашылық түрінде болады.

Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер келесілерден басқа жағдайларда барлық салық салынатын уақыт айырмашылықтары бойынша мойындалады:

- кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттеме гудвиллды, активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде, бизнесті біріктіру болып табылмайтын келісім барысында және операцияны жасау сәтінде туындайды және бухгалтерлік пайдаға, салық салынатын пайдаға немесе шығынға әсер етпейді;

- еншілес компаниялардың, қауымдастырылған компаниялардың инвестицияларымен байланысты салық салынатын уақыт айырмашылығына қатысты, сонымен қатар, бірлескен қызметтегі қатысу үлесіне байланысты уақыт бойынша таратуды уақыт айырмашылығын азайту деп алуға болатын болса және уақыт айырмашылығы келешекте кемітілмейтін болса.

Кейінге қалдырылған салықтар бойынша активтер барлық шегерілетін уақыт айырмашылықтары, пайдаланылмаған салықтық жеңілдіктер бойынша мойындалады және салық салынатын пайда бар болатын ықтималдық жағдайында шегерілетін уақыт айырмашылықтары ескеріліп, келесі жағдайларды пайдаланылмаған салықтық жеңілдіктер мен пайдаланылмаған салықтық шығындар есептеледі:

- кейінге қалдырылатын салық бойынша актив шегерілетін уақыт айырмашылығына қатысты болады, ол бизнесті біріктіру салдарынан туындамаған активтерді немесе міндеттемелерді бастапқы мойындау нәтижесінде туындайды және операцияны жүзеге асыру сәтінде бухгалтерлік кіріске, салық салынатын кіріске немесе шығынға әсер етпейді;
- еншілес компаниялардың, қауымдастырылған компаниялардың инвестицияларымен байланысты салық салынатын уақыт айырмашылығына қатысты, сонымен қатар, бірлескен қызметтегі қатысу үлесіне байланысты уақыт бойынша таратуды уақыт айырмашылығын азайту деп алуға болатын болса және уақыт айырмашылығы келешекте кемітілмейтін болса.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің теңгерімді құны әрбір есепті күнде қайта қарастырылады және жеткілікті салық салынатын кіріске қол жеткізу мүмкін болатын дәрежеде төмендейді, ол кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе жартысын пайдалануға мүмкіндік береді және ықтималдығы азағырақ болып бағаланады. Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнде қайта қарастырылады және болашақтағы салық салынатын кіріс кейінге қалдырылған салық активтеріне пайдалануға мүмкіндік беретін дәрежеде мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер салықтық мөлшерлемелер бойынша бағаланады, олар есепті жылы актив өткізілгенде пайдаланылатын болады, ал міндеттеме есепті күні қолданысқа енгізілген салықтық мөлшерлемелер (және салықтық заңнама) негізінде өтеледі.

Кірістер мен шығыстар туралы есепте танылмаған баптарға жататын кейінге қалдырылған кіріс салығы кірістер мен шығыстар туралы есепте танылмайды. Кейінге қалдырылған салықтар бойынша баптар тікелей капитал немесе жиынтық кіріс құрамындағы операциялар негізінде танылады.

Кейінге қалдырылған салықтар бойынша активтер мен міндеттемелер бір-біріне қатысты ескеріледі және заңды бекітілген құқық бар болған жағдайда ағымдағы салықтық активтер мен міндеттемелер және кейінге қалдырылған салықтар бір салық салынатын компанияға және салық органына тиісті болады.

3.16 Резервтер

Резервтер Компанияның өткен оқиға нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемесі (заңдық немесе тәжірибеден шығатын) бар болған жағдайда танылады; осы міндеттемесі өтеу үшін талап етілетін экономикалық пайданың жылыстауы осындай міндеттеме сомасы тиісті бағаланатын баға алынғанда ықтимал болып табылады. Егер Компания резервтің қандай да бір бөлігін немесе барлығын алуға ниеттенетін болса, мысалы сақтандыру алайымы бойынша өтем жеке актив ретінде танылады, алайда бұл жағдайда өтемге күман тудырмауы керек. Резервке жатқызылатын шығын кірістер мен шығыстар туралы есепте өтеуді шегеріп көрсетіледі.

Егер ақшаның есепті құнының әсері біршама болған жағдайда резервтер салық салудың ағымдағы мөлшерлемесі бойынша дисконтталады, бұл қолданыстағы жағдайда нақты жағдайға тән тәуекелдерді көрсетеді. Егер дисконттау қолданылатын болса, онда уақыт өтуіне байланысты резервті арттыру қаржыландыру шығыны түрінде болады.

3.17 Кірістер мен шығыстарды тану

Кірістер Компанияның экономикалық пайда алу ықтималдығы бар болған жағдайда және кіріс сомасы төлемді жүзеге асыру уақытына тәуелсіз жеткілікті сенімділікпен бағаланғанда мойындалады. Түсім алынған сыйақының әділетті бағасы бойынша дисконтты, қайтаруды

және сату салықтары мен баждарын шегеріп бағаланады. Компания өзі жасайтын түсім алынатын келісімдерін талдайды және оның принципал немесе агент ретінде болуын анықтайды. Компания осындай барлық келісімдер бойынша принципал болады деген қорытындыға келген. Түсімді тану үшін төменде көрсетілген критерийлер орындалады.

Қызмет көрсету

Қызметтерді сату келісім-шарттың жалпы құны негізінде қызметтер көрсетілетін мерзімде танылады. Номерлер кірісі номерге орналастырған сәттен бастап нақты тұрған күндер бойынша танылады. Жалгерлік кірісі операциялық жалгерлік келісімінің мерзімі ішінде тік сызықты әдіспен есептеледі. Кіріс алынған немесе алынуға тиісті құралдардың әділетті құны бойынша бағаланады. Алынған құралдардың әділетті құнын алу мүмкін болмаған жағдайда түсім ұсынылған қызметтердің әділетті құны бойынша бағаланады.

Тауарлар сату

Тауарлар сату түсімі негізінен тауарды жеткізген жағдайда, тауарды иелену пайдасы мен айтарлықтай тәуекелдері сатып алушыға ауысқанда танылады.

Шығындар

Шығындар көру шамасына қарай танылады және қаржылық есептілікте есептеу ұстанымы негізінде жатқызылатын кезеңі бойынша көрсетіледі.

3.18 Қызметкерлер сыйақылары

Компания өз қызметкерлері үшін Қазақстан үкіметіне әлеуметтік салық төлейді. Әлеуметтік салық бойынша және еңбек ақы бойынша шығындар туындаған сәтіндегі шығындарға жатқызылады.

Бұдан басқа Компания қызметкерлер еңбек ақысының 10% зейнетақы қорларына жарна ретінде ұстап қалады. Заңнамаға сәйкес зейнеткерлік аударымдар қызметкерлердің міндеттемесі болып табылады және Компанияның олар зейнеткерлікке шыққаннан кейін ағымдағы немесе болашақтағы міндеттемесі болмайды.

4. БУХГАЛТЕРЛІК ТАЛҚЫЛАУЛАР, БАҒАЛАУ ЖӘНЕ БОЛЖАМДАР

Компанияның қаржылық есептілігін дайындау басшылықтан көрсетілетін кірістер мен шығыстар, активтер мен міндеттемелер және сәйкес жариялауға әсер етуі мүмкін талқылаулар, бағалау мен болжамдар дайындауды талап етеді, сонымен қатар, шартты міндеттемелер туралы ақпараттар жария етіледі. Осы болжамдар мен бағалау мәндеріне қатысты анықталмау болашақта бағалау немесе жорамал жүзеге асырылатын активтің немесе міндеттеменің теңгерімдік құнына қатысты біршама түзетулерді талап етуі мүмкін.

Бағалау және болжам

Төменде болашақта орын алатын жағдайларға қатысты және басқа да есепті күндегі бағалау көздеріне қатысты негізгі болжамдар берілген, оларда келесі есепті жылдағы активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнына біршама өзгерістер енгізу қажеттілігін тудыру қаупі болуы мүмкін. Компания өзінің бағалауы мен болжамдарын қаржылық есептілікті дайындау сәтінде қолжетімді параметрлерге негіздейді. Алайда, қолданыстағы жағдайлар мен болашақ жағдайларға қатысты болжамдар нарықтағы өзгерістер салдарынан немесе Компания қадағалауынан тыс жағдайлардан өзгеруі ықтимал. Осындай өзгерістер орын алған кезінде болжамдарда көрсетіледі.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Құнсыздану ақша ағындарын генерациялайтын активтің немесе бөлімшенің теңгерімдік құны келесі шамалардан артық болып табылатын оның өтелетін құнынан асқан жағдайда орын алады: сату шығындарын шегергендегі әділетті құн және пайдалану құндылығы. Сату шығындарын шегергендегі әділетті құнды есептеу теңдес активтерді сатудың міндетті күші бар коммерциялық келісімдері бойынша

ақпараттарға негізделеді. Пайдалану құндылығын есептеу дисконтталған ақша ағындары үлгісіне негізделеді. Ақша ағындары бюджеттен келесі бес жылға алынады және оған қайта құрылымдау бойынша қызмет жатпайды. Компанияның қайта құрылымдауды жүргізу бойынша міндеттемесі болмайды. Өтелетін құн дисконтталған ақша ағындары үлгісінде пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесіне неғұрлым сезімтал болады, сонымен қатар, ақша құралдары ағындарына және экстраполяция мақсатында пайдаланылған өсу ырғағына байланысты болады.

Жерді және ғимараттарды қайта бағалау

Компания ҚЕХС (IFRS) 16 «Негізгі құралдар» сәйкес рұқсат етілген жерді және ғимараттарды қайта бағалау үлгісін пайдаланады. Компания есепті кезеңнің соңында әділетті бағасын анықтау мақсатында тәуелсіз бағалаушыны шақырады. Компания кірісті әдісті пайдаланады, бұл ғимараттар мен жердің әділетті құнын анықтау барысында талқылау мен болжамдарды білдіреді. Кірісті бағалау әдісін пайдаланып бағалау үшін қолданылған негізгі болжамдарды білдіреді. Бағалау үшін пайдаланылған негізгі болжамдар бұл дисконт мөлшерлемесі және болашақ ақша ағындары болжамы. Жердің әділетті құнын анықтау үшін жақын уақытта болған транзакциялар бойынша ағымдағы шектелген нарықтық мәліметтер негізінде салыстырмалы тәсіл қолданылады. Ғимараттардың әділетті бағасын анықтау үшін негізінен бағалау нысандарынан күтілетін кіріс негізіндегі кіріс салығы пайдаланылады. Толық ақпарат 6 ескертуде берілген.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділетті бағасы

Компания инвестициялық жылжымайтын мүлікті құны бойынша есептейді және жария ету мақсатында оның әділетті құнын анықтайды. Жердің әділетті құнын анықтау үшін жақын уақытта болған транзакциялар бойынша ағымдағы шектелген нарықтық мәліметтер негізінде салыстырмалы тәсіл қолданылады. Ғимараттардың әділетті бағасын анықтау үшін негізінен бағалау нысандарынан күтілетін кіріс негізіндегі кіріс салығы пайдаланылады. Толық ақпарат 7 ескертуде берілген.

Негізгі құралдар мен инвестициялық жылжымайтын мүліктің пайдалы қызмет мерзімі

Компания жыл сайын негізгі құралдардың пайдалы қызметінің қалдық мерзімін бағалайды. Өткен бағалаумен айырмашылық болған жағдайда айырмашылық ҚЕХС (IAS) 8 «Есепті саясат, бағалау шамасындағы өзгерістер және қателіктер» бойынша бухгалтерлік талқылауда өзгеріс ретінде көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған салықтар бойынша активтер

Кейінге қалдырылған салықтар бойынша активтер барлық пайдаланылмаған салықтық шығындар бойынша пайда алынатын салық салу ытималдығы бар дәрежеде танылады және оған қарсы пайдаланылмаған салық шығындары ескеріледі, кейінге қалдырылған салық бойынша активтер сомасын анықтау үшін болашақ салық салынатын кіріс мөлшері мен мерзімін негізге алады, сонымен қатар, салықтық жоспарлаудың болашақ стратегиясы үшін басшылық талқылауы қажет. Толық ақпарат 23 қосымшада берілген.

Резервтер

Компания күмәнді дебиторлық берешекке резервтер қалыптастырады. Күмәнді дебиторлық берешекті есептеу үшін біршама бағалау пайдаланылады. Күмәнді берешекті бағалау барысында сатып алушы немесе тапсырыс берушінің қызметінің тарихи және күтілетін көрсеткіштері ескеріледі. Жалпы экономикалық жағдайлардың, нақты сатып алушы және тапсырыс берушінің қызмет саласы мен нәтижелерінің өзгерістері қаржылық есептілікте көрсетілген күмәнді дебиторлық берешек резерві сомасына өзгерістер енгізуді талап етеді.

Қаржылық құралдардың әділетті құны

Қаржылық құралдар мен қаржылық міндеттемелердің қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген әділетті құны белсенді нарықтар мәліметтері негізінде анықталуы мүмкін емес, ол дисконтталған ақша ағындары үлгісін қоса алғанда бағалау әдістерін пайдалана отырып анықталады. Мұндай әдістерді пайдаланудың кіріс параметрлері мүмкін бақыланатын нарықта алынады, алайда, әділетті бағаны анықтау үшін белгілі талқылау деңгейі талап етіледі. Талқылауға кредит тәуекелі, ауытқу және тарату секілді параметрлерін бағалау жатады. Аталмыш факторларға қатысты болжамдардағы өзгерістер қаржылық есептілікте көрсетілген қаржылық құралдардың әділетті құнына әсер етеді.

5. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ

Басқару мақсатында Компания көрсетілетін қызметтеріне байланысты бизнес-бөлімшелерге жіктелген және екі есепті операциялық сегменттен құралады: номерлер және жалға беру; және тағам өнімдері мен сусындар. Басқа операциялық сегменттер негізінен спорттық шараларды және бос уақытты ұйымдастыру қызметтері, техникалық қолдау қызметтері түрінде болады, олар Компания үшін өте маңызды емес және төменде берілген кестеде «Басқалары» санатында көрсетілген.

Басшылық әр сегменттің операциялық қызметінің нәтижелерін ресурстарды тарату және қызмет нәтижелерін бағалау мақсатында жеке бақылайды. Сегменттің тиімділігі операциялық кіріс немесе шығын негізінде бағаланып, сегменттер бойынша жіктелмейтін кейбір шығындар мен зиянды қаржылық есептілікте көрсетпестен өз алдына бағаланады.

2014 жылы Компанияның ірі тұтынушыларының бірінің үлесіне 2,780,895 мың теңге (2013 жылы: 2,727,604 мың теңге) келген.

Төмендегі кестеде компанияның операциялық сегменттері туралы ақпарат берілген:

2014 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл

<i>Мың теңге</i>	НОМЕРЛЕР ЖӘНЕ ЖАЛГЕРЛІК	ТАҒАМ ӨНІМДЕРІ ЖӘНЕ СУСЫНДАР	БАСҚАЛАРЫ	ҮЙЛЕСТІРУ ЖӘНЕ ШЫҒАРУ	БАРЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР
ТҮСІМ	2,807,661	184,866	238,827	-	3,231,354
ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР					
Амортизация	(614,006)	(35,665)	(22,498)	(1,241)	(673,410)
Негізгі құралдардың жылыстау шығыны	(146,058)	(360)	(10,725)	-	(157,143)
Қаржыландыру шығындары, нетто	(325,297)	-	-	(28,656)	(353,953)
Басқа да (шығындар)/кірістер, нетто және Оң / (теріс) бағам айырымы, нетто	(67,121)	-	-	45,546	(21,575)
Сегмент (кірісі)/шығын	633,654	52,257	131,785	(537,805)⁴	279,891
Сегмент активтері	15,377,255	462,916	330,902	1,533,228 ¹	17,704,301
Сегмент міндеттемелері	3,187,795	39,262	50,719	1,596,140 ²	4,873,916
Сегменттер бойынша басқа да ақпарат					
Капиталдық шығындар³	306,112	10,589	31,194	1,005,609	1,353,504

- Сегмент активтеріне әкімшілік мақсаттағы негізгі құралдар (64,956 мың теңге), материалдық емес активтер (3,797 мың теңге), салықтар бойынша алдын ала төлем (10,242 мың теңге), ұжымдық кіріс салығы бойынша алдын ала төлем (159,579 мың теңге), байланысты тараптардың берешегі (1,001,115 мың теңге), басқа да алдын ала төлемдер (31,601 мың теңге) және ақша қаржы құралдары мен олардың баламалары (261,938 мың теңге) жатқызылмайды, себебі аталмыш активтерді басқару топтық негізде жүзеге асырылады.
- Сегмент міндеттемелеріне ұзақ мерзімді несиелер (381,103 мың теңге), кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер (1,142,477 мың теңге), төлем сыйақысы (4,319 мың теңге), төленетін салықтар (42,842 мың теңге) және байланысты тараптар алдындағы берешек (25,399 мың теңге) жатқызылмайды, себебі аталмыш міндеттемелерді басқару топтық негізде жүзеге асырылады.

- Капиталдық шығындар жаға құралдар мен материалдық емес активтердің түсімдері түрінде болады. 2014 жылы маусым және тамыз айларында Компания байланыста тараптардан («Chagala Group Limited.» еншілес компаниясынан) 1,005,380 мың теңгеге бес жер телімін сатып алып, аталмыш жер телімдерін инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде жіктеген.
- Операциялық сегменттер бойынша кіріске жалпы және әкімшілік шығындар (553,454 мың теңге) жатқызылмайды.

2013 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл

Мың теңге	НОМЕРЛЕР ЖӘНЕ ЖАЛГЕРЛІК	ТАҒАМ ӨНІМДЕРІ ЖӘНЕ СУСЫНДАР	БАСҚАЛАРЫ	ҮЙЛЕСТІРУ ЖӘНЕ ШЫҒАРУ	БАРЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР
ТҮСІМ	2,759,204	361,035	309,105	-	3,429,344
ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР					
Амортизация	(617,467)	(39,370)	(28,336)	(1,217)	(686,390)
Негізгі құралдардың жылыстау шығыны	(73,684)	(237)	(185)	(81)	(74,187)
Қаржыландыру шығындары, нетто	(353,281)	-	-	(28,552)	(381,833)
Басқа да (шығындар)/кірістер, нетто және Оң / (теріс) бағам айырымы, нетто	(70,140)	-	-	1,414	(68,726)
Сегмент (кірісі)/шығын	633,726	40,927	148,915	(612,648)⁴	210,920
Сегмент активтері	14,500,529	474,787	143,138	2,192,144 ¹	17,310,598
Сегмент міндеттемелері	3,144,495	12,332	22,338	1,375,715 ²	4,554,880
Сегменттер бойынша басқа да ақпарат					
Капиталдық шығындар³	170,487	15,970	14,154	7,789	208,400

- Сегмент активтеріне әкімшілік мақсаттағы негізгі құралдар (65,227 мың теңге), сату үшін ұсталатын ұзақ мерзімді активтер (400,763 мың теңге), материалдық емес активтер (5,711 мың теңге), пайдалану шектелген қаржы құралдары (2,165 мың теңге), салықтар бойынша алдын ала төлем (11,224 мың теңге), ұжымдық кіріс салығы бойынша алдын ала төлем (189,043 мың теңге), байланысты тараптардың берешегі (1,436,506 мың теңге), басқа да алдын ала төлемдер (24,832 мың теңге) және ақша қаржы құралдары мен олардың баламалары (56,673 мың теңге) жатқызылмайды, себебі аталмыш активтерді басқару топтық негізде жүзеге асырылады.
- Сегмент міндеттемелеріне ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді несиелер (180,550 мың теңге), кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер (1,126,213 мың теңге), төлем сыйақысы (2,641 мың теңге), төленетін салықтар (63,174 мың теңге) және байланысты тараптар алдындағы берешек (3,137 мың теңге) жатқызылмайды, себебі аталмыш міндеттемелерді басқару топтық негізде жүзеге асырылады.
- Капиталдық шығындар негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатып алу түрінде болады.
- Операциялық сегменттер бойынша кіріске жалпы және әкімшілік шығындар (584,211 мың теңге) жатқызылмайды.

6 НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Property, plant and equipment and related accumulated depreciation consist of the following:

2014

Мың теңге	ЖЕР	ҒИМАРАТ	ЖИҢАЗ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛҒЫ	КАПИТАЛДЫҚ АЯҚТАЛМАҒАН ҚҰРЫЛЫС	БАРЛЫҒЫ
1 қаңтардағы қалдық құны	1,310,372	10,233,136	875,856	116,353	12,535,717
Түсімдер	68,992	16,008	59,312	193,716	338,028
Жылыстау	-	-	(195,173)	-	(195,173)
Аударулар	-	18,718	11,634	(30,352)	-
Жиынтық кіріс туралы есепте көрсетілген қайта бағалауды қайтару	-	(13,805)	-	-	(13,805)
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке аудару	(41,624)	-	-	-	(41,624)
Жыл ішіндегі амортизация	-	(249,061)	(334,317)	-	(583,378)
Жылыстау бойынша амортизация	-	-	179,256	-	179,256
31 желтоқсандағы қалдық құны	1,337,740	10,004,996	596,568	279,717	12,219,021
Жалпы теңгерімдік құны	1,337,740	10,538,694	3,234,917	279,717	15,391,068
Жиынтық амортизация	-	(533,698)	(2,638,349)	-	(3,172,047)
31 желтоқсандағы қалдық құны	1,337,740	10,004,996	596,568	279,717	12,219,021

Капиталды аяқталмаған құрылыстар ғимараттар мен жиһаздарға, құрылғыларға аударуға негізінен 2014 жыл ішіндегі капиталды жөндеу жүргізу жатады.

2014 жыл ішінде Компания басшылығы жер телімін «инвестициялық жылжымайтын мүлік» санатына ауыстырған, себебі Компания басшылығының аталмыш жер телімін пайдалану бойынша жоспары өзгерген. 31.12.2014 жылы Компания басшылығының аталмыш жер телімін әрі қарайғы пайдалану бойынша нақты қалыптасқан жоспары жоқ.

2013

Мың теңге	ЖЕР	ҒИМАРАТ	ЖИҢАЗ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛҒЫ	КАПИТАЛДЫҚ АЯҚТАЛМАҒАН ҚҰРЫЛЫС	БАРЛЫҒЫ
1 қаңтардағы қалдық құны	1,772,119	12,337,311	1,152,202	113,905	15,375,537
Түсімдер	10,714	56,399	66,689	57,569	191,371
Жылыстау	(119,181)	-	(39,475)	(6,857)	(165,513)
Аударулар	-	40,601	7,663	(48,264)	-
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке аудару	-	(1,869,055)	-	-	(1,869,055)
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активке аудару	(353,280)	(47,483)	-	-	(400,763)

<i>Мың теңге</i>	ЖЕР	ҒИМАРАТ	ЖИҢАЗ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛҒЫ	КАПИТАЛДЫҚ АЯҚТАЛМАҒАН ҚҰРЫЛЫС	БАРЛЫҒЫ
Жыл ішіндегі амортизация	–	(284,637)	(346,858)	–	(631,495)
Жылыстау бойынша амортизация	–	–	35,635	–	35,635
31 желтоқсандағы қалдық құны	1,310,372	10,233,136	875,856	116,353	12,535,717
Жалпы теңгерімдік құны	1,310,372	10,517,773	3,359,144	116,353	15,303,642
Жиынтық амортизация	–	(284,637)	(2,483,288)	–	(2,767,925)
31 желтоқсандағы қалдық құны	1,310,372	10,233,136	875,856	116,353	12,535,717

Жер телімінің жылыстауы жер теліміні қауымдастырылған «Arrowhead B.V.» (Ескерту 24) компаниясына өткізу түрінде болады.

Капиталды аяқталмаған құрылыстардан ғимараттарға, жиһаздар мен құрылғыларға ауысуға негізінен 2013 жыл ішінде капиталды жөндеу жүргізу жатады.

Сату үшін шегерілетін ұзақ мерзімді активтерге аударуға 2014 жыл ішінде «Arrowhead B.V.» компаниясына сатуға арналған жер мен ғимараттар жатады.

Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер

2013 жылы 31 желтоқсанда сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер 2014 жылы сәуір айында «Chagala Group Limited» компаниясының қауымдастырылған «Arrowhead B.V.» компаниясына өткізілген. Атырау қаласында орналасқан ауданы 2,722 га жер телімінің теңгерімдік құны 353,280 мың теңгені құрайды. Жер теліміндегі ғимараттардың теңгерімдік құны 47,483 мың теңгені құрайды. 2013 жылы 31 желтоқсанда Компания аталмыш активтерді сату үшін шегерілетін ұзақ мерзімді активтер ретінде ұсынып, оларды өткізу шығындарын шегергендегі әділетті құнынан төмен болатын теңгерімдік құны бойынша бағалаған.

Аяқталмаған капиталдық құрылыс

Компания Батыс Қазақстанда жылжымайтын мүлік нысандарын дайындаумен айналысады. Жаңа кеңсе, орталық қойма және әлеуметтік клуб ғимараттарының құрылысы 2015 жылы аяқталады деп күтілуде. Капиталдық аяқталмаған құрылыстардың теңгерімдік құны 31 желтоқсандағы жағдай бойынша келесідей:

<i>Мың теңге</i>	2014	2013
Әлеуметтік клуб	140,702	-
Жаңа кеңсе ғимараты	112,134	112,134
Орталық қойма	21,649	-
Басқалары	5,232	4,219
	279,717	116,353

Несие бойынша капиталданған шығындар

2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын жыл ішінде шығындарды несие бойынша капиталдандыру (2013 жылы: жоқ) жүргізілмеген.

Жер мен ғимаратты қайта бағалау

Егер жер мен ғимараттар бастапқы құны бойынша бағаланатын болғанда олардың теңгерімдік құны келесі түрде болатын еді:

2014

<i>Мың теңге</i>	ЖЕР	ҒИМАРАТ	БАРЛЫҒЫ
Бастапқы құны бойынша	926,918	11,260,834	12,187,752
Жиынтық амортизация	-	(1,576,830)	(1,576,830)
31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ҚАЛДЫҚ ҚҰНЫ	926,918	9,684,004	10,610,922

2013

<i>Мың теңге</i>	ЖЕР	ҒИМАРАТ	БАРЛЫҒЫ
Бастапқы құны бойынша	857,926	11,226,108	12,084,034
Жиынтық амортизация	-	(1,350,734)	(1,350,734)
31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ҚАЛДЫҚ ҚҰНЫ	857,926	9,875,374	10,733,300

Жердің әділетті құны

Компания 2012 жылы 31 желтоқсанда жер телімдерінің әділетті құнын анықтау үшін бағалау бойынша сарапшы шақырған. 2014 жылғы 31 желтоқсандағы жер телімдерінің әділетті бағасын сатушылардың нарықтық бағалары негізінде 100 шаршы метр үшін 8,300-10,000 АҚШ доллары ауқымында ішкі сарапшылар анықтаған, бұл баға келісім-шарттар жасасу барысында туындайтын жеңілдіктерді ескере отырып үйлестірілген (жеңілдік 10-20%) және орналасқан орны мен мөлшерінің айырмашылығы (жеңілдік 5-15%). Жер телімдерінің әділетті бағасы теңгерімдік бағасына жуықталған және қолданылған бағалау әдістерінің бастапқы мәліметтері негізінде әділетті баға бағыныш сатысының 3 деңгейіне жатқызылған (3.3 ескерту). Келіссөздер жүргізу барысында туындайтын жеңілдіктерді 25% дейін арттырған жағдайда әділетті құн 109,200 мың теңгеге төмендейді.

Ғимараттардың әділетті құны

Компания 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайға сәйкес жер телімдерінің әділетті құнын анықтау үшін бағалау бойынша сыртқы сарапшыны шақырған. 2014 жылғы 31 желтоқсанда ғимараттардың әділетті құнын ішкі сарапшылар анықтаған. Бұл жағдайда әділетті құнды бағалау қолданылған бағалау әдістері үшін бастапқы мәліметтер негізінде бағынышсатының үшінші деңгейіне жатқызылған (3.3 ескерту).

Компания ғимараттар негізінен екі топ түрінде қонақ үй кешендері (оның ішінде қонақ үйлер, таунхаустар және апартаменттер) және бизнес орталықтар берілген.

Қонақ үй кешендері үшін:

Қонақ үй кешендерінің әділетті бағасы негізінен есепті ақша ағындарына сілтеме жасай отырып анықталған. 2020 жылға дейінгі есепті ақша ағындары шамамен 18.27% құрайтын салыққа дейінгі мөлшерлеме бойынша дисконтталған. Қаржы құралдарының ағындары қонақ үй номерлері мен таунхаустерді жалға беруге байланысты толтыру коэффициентіне орай болжалды мерзім ішінде 50-75% деңгейінде есептелген, болжалды мерзім ішінде жалға алу төлемін 6-7% арттырған жағдайда операциялық шығындар кіріс өсіміне сәйкес артады.

Есепті әділетті құн 2014 жылғы 31 желтоқсандағы теңгерімдік құннан 246,800 мың теңгеге аз болады, ал дисконттау мөлшерлемесін 1% және 520,528 мың теңгеге арттырған жағдайда толтыру коэффициенті 10% төмендейді.

Бизнес-орталықтар үшін:

Бизнес-орталықтардың әділетті бағасы негізінен есепті ақша ағындарына сілтеме жасай отырып анықталған. Компания бизнес-орталықтардың әділетті құнын бағалау үшін 15.85% деңгейіндегі капиталдау мөлшерлесін қолданған. Қаржы құралдарының ағындары

кеңселерді жалға беруге байланысты толтыру коэффициентіне орай болжалды мерзім ішінде 100% деңгейінде есептелген, болжалды мерзім ішінде жалға алу төлемін 6-7% арттырған жағдайда операциялық шығындар кіріс өсіміне сәйкес артады.

Есепті әділетті құн 2014 жылғы 31 желтоқсандағы теңгерімдік құннан 188,975 мың теңгеге азаяды, ал дисконттау мөлшерлемесін 1% және 245,075 мың теңгеге арттырған жағдайда толтыру коэффициенті 10% төмендейді.

Ұзақ мерзімді алдын ала төлемдер

31 желтоқсанда аяқталатын жылдағы ұзақ мерзімді алдын ала төлемдер келесі түрде берілген:

Мың теңге	2014	2013
Жиһаз, жабдықтар және құрылғылар үшін алдын ала төлем	34,360	9,464
Құрылыс материалдары мен жұмыстары үшін алдын ала төлем	2,148	1,973
	36,508	11,437

7 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

Инвестициялық жылжымайтын мүлікке келесілер жатады:

Мың теңге	2014	2013
Бастапқы құны		
1 қаңтардағы сальдо	1,919,933	–
Негізгі құралдар аударымдары	41,624	1,903,649
Сатып алу (кейінгі шығындар)	1,013,885	16,284
31 желтоқсанға сальдо	2,975,442	1,919,933
Жиынтық тозу		
1 қаңтарға сальдо	(85,779)	–
Негізгі құралдар аударымдары	-	(34,594)
Жыл ішіндегі тозу бойынша салымдар	(86,527)	(51,185)
31 желтоқсанға сальдо	(172,306)	(85,779)
1 қаңтарға қалдық баға	1,834,154	–
31 желтоқсанға қалдық баға	2,803,136	1,834,154

2013 жылы Компания «Шағала Менеджмент» ЖШС ғимаратын операциялық жалға беру шартымен берген.

2014 жылы Компания ағымдағы сәтте әрі қарай пайдалану анықталмаған жер телімін инвестициялық жылжымайтын мүліктің негізгі құралдарына жатқызған. 2014 жылы маусым және тамыз айларында Компания байланысты тараптан («Chagala Group Limited.» еншілес компаниясынан) бес жер телімін 1,005,380 мың теңгеге сатып алған және аталмыш жер телімдерін инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде жіктеген, себебі Компания басшылығының жер телімдерін болашақтағы пайдалану бойынша нақты қалыптасқан жоспарлары болмаған. Компания аталмыш жер телімдерін сатып алу бойынша берешекті аталмыш еншілес компанияның 650,941 сомасындағы берешегіне жатқызған.

Мың теңге	2014	2013
Инвестициялық жылжымайтын мүліктен түскен жалгерлік кіріс	388,231	212,187
Жалгерлік кіріс алуға алып келген (жөндеу және техникалық қызмет көрсетуді қоса алғанда), басқа да операциялық шығындар	(92,698)	(62,635)
Инвестициялық жылжымайтын мүлік кірісі	295,533	149,552

Нақты мақсаты немесе құрылыс жобалары жоқ жер телімдері.

2014 жылғы 31 желтоқсандағы жер телімдерінің әділетті құнын мойындалған кәсіби біліктілігі бар тәуелсіз сарапшылар анықтаған, олар нысандардың әділетті бағасын нысандардың санаты мен орналасқан орны бойынша ұқсас бағаланатын инвестициялық жылжымайтын мүлікпен бірдей анықтайды. Жер телімдерінің әділетті құны сатушылардың нарықтық бағалары негізінде 100 шаршы метрге 7,000 – 15,000 АҚШ доллары ауқымында анықталады, олар келісім-шарт жасасу барысында келіссөз жүргізу барысында үйлестіріледі (жеңілдік 10-15%) және орналасқан орны мен мөлшеріндегі айырмашылыққа тәуелді болады (жеңілдік 5-10%). Әділетті баға 1,047,004 мың теңгені құраған және қолданылған бағалау әдістеріне арналған бастапқы мәліметтер негізінде әділетті баға бағыныштылығының 3 деңгейіне жатқызылған. Негізгі бақыланатын бастапқы мәліметтер сауда жеңілдіктер мен жер телімдерінің орналасқан орны болып табылады.

Коммерциялық жылжымайтын мүлік үшін

2014 жылғы 31 желтоқсанда коммерциялық жылжымайтын мүлікке: Атырау қаласындағы екі қонақ үй кешені және үш мейрамхана жатқызылған.

2014 жылғы 31 желтоқсандағы мейрамханалардың әділетті құнын ішкі сарапшылар анықтаған, ол келісімдер жасаған кезіндегі келіссөздерді және (сауда жеңілдігі 10%) бағалау нысанының орналасқан орны мен мөлшеріндегі айырмашылықтарды ескере отырып түзетілген саудагерлердің нарықтық бағасы негізінде анықталған. Әділетті құн шамамен теңгерімдік құнға тең 323,946 мың теңге мөлшерінде болады және бағалаудың қолданылған әдістеріне арналған бастапқы мәліметтер негізінде әділетті құн бағыныштылығының 3 деңгейіне жатқызылған. Негізгі бақыланбайтын бастапқы мәлімет сауда жеңілдіктері болып табылады.

Қонақ үй кешендерінің әділетті құны негізінен қаржы құралдарының есепті ағындарына сілтеме жасай отырып анықталған. Қаржы құралдарының 2020 жылға дейінгі есепті ағындары салыққа дейінгі мөлшерлеме бойынша дисконтталған, ол шамамен 18.27% құрайды. Қаржы құралдарының ағындары 2015-2017 жылдар аралығындағы жалға алу төлемін арттыруға байланысты 2018 жылы 8%, кейінгі кезеңдерде 6% және 5% арттырып есептелген. Терминалдық құны бесжылдық мерзім соңында 2% терминалдық мөлшерлеме бойынша анықталған. Қонақ үй кешендерінің әділетті құны шамамен теңгерімдік құнына тең болады, бағаланатын активтер 1,432,186 мың теңге мөлшерінде болады және қолданылған бағалау әдістемелерінің бастапқы құны негізінде әділетті баға бағыныштылығының 3 деңгейіне сәйкес болады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділетті құнын анықтау кезінде пайдаланылған бағалаулар мен сыни талқылау:

- Қазақстандағы инвестициялық жылжымайтын мүлік нарығы ашық емес, осының нәтижесінде салыстырылатын нарықтық келісім-шарттар аталмыш келісім-шарттар бойынша көп жағдайда ашылмайды;
- салыстырылатын жылжымайтын мүлік нысандарына нарықтық бағаларды анықтау кезінде бағалаушылар, ішкі сарапшылар нақты келісім-шарттарды емес, сату ұсыныстарының бағаларын пайдаланған, бұл сәйкесінше Компанияның нарықтық позициясымен байланысты қажетті түзетулерді бағалау үшін талқылауды қолдану қажеттілігін талап етеді;
- бағалаушылар мен ішкі сарапшылар пайдаланатын салыстырылатын нысандар үнемі Компанияның жылжымайтын мүлік нысандарына сәйкес бола бермейді және сәйкесінше түзету мөлшері мен сомасын анықтау үшін сыни талқылауларды пайдалану салыстырылатын нысан құнын анықтау үшін қажет болады; және
- Қазақстанның құрылыс нарығын қысқарту әділетті бағаға қатысты анықталмаған жағдай деңгейін арттырды.

8 ТАУАРЛЫҚ –МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

31 желтоқсанда тауарлық-материалдық қорлар келесі позицияда болған:

Мың теңге	2014	2013
Тұрмыстық тауарлар	103,221	106,869
Материалдар	64,318	51,606
Ас үй және мейрамхана қорлары	48,502	43,207
Қосалқы бөлшектер	34,503	32,494
Кеңсе құралдары және кеңсе құрылғылары	1,082	2,286
Жұмыс киімдері	717	1,389
Тағам өнімдері және сусындар	155	285
Басқалары	59,844	70,976
	312,342	309,112

Шығын ретінде танылған тауарлық – материалдық қорлар келесі түрде ұсынылған:

Мың теңге	2014	2013
Жөндеу және тех.қызмет көрсету	57,879	88,536
Алмастыру шығындары	39,160	24,149
Өткізудің өзіндік құны – тағам өнімдері және сусындар	383	84,270
Тұрмыстық тауарлар	414	18,429
Басқалары	31,461	44,697
	129,297	260,081

9 ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

31 желтоқсанда дебиторлық берешек келесі позицияда болған:

Мың теңге	2014	2013
Сауда дебиторлық берешек	308,669	322,338
Күмәнді берешек бойынша резерв	(6,441)	(3,008)
	302,228	319,330

Сауда дебиторлық берешек өтеу мерзімі 7-30 күнге дейін пайызсыз болып табылады. Компанияның дебиторлық берешегі АҚШ долларымен (44%) және теңгемен (56%) берілген. 2013 жылы аталмыш қатынас сәйкесінше 37% және 63% құраған.

2014 жылғы 31 желтоқсанда ірі дебитор «НСРОС» болып табылады, ол сауда дебиторлық берешектің жалпы сомасынан 82% (2013 жылғы 31 желтоқсанда: «НСРОС» – 76%) құрайды.

Күмәнді берешек бойынша қозғалыс 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін келесі түрде ұсынылып отыр:

Мың теңге	2014	2013
1 қаңтарда	(3,008)	(6,104)
Жыл ішіндегі салымдар	(3,600)	2,761
Есептен шығару	167	335
31 желтоқсанда	(6,441)	(3,008)

31 желтоқсанда туындау мерзімі бойынша дебиторлық берешекті талдау келесі түрде берілген:

Мың теңге	БАРЛЫҒЫ	МЕРЗІМІ АСПАҒАН, ҚҰНСЫЗДАН БАҒАН	МЕРЗІМІ АСҚАН, БІРАҚ ҚҰНСЫЗДАНБАҒАН				
			30 күннен кем	30-90 күн	90-120 күн	120-360 күн	>360 күн
2014	302,228	251,426	29,616	6,491	8,871	5,824	–
2013	319,330	242,034	65,130	9,464	2,428	274	–

Сауда дебиторлық берешектің кредиттік тәуекелі бойынша толығырақ ақпарат Компанияның сауда дебиторлық берешектің мерзімі аспаған немесе құнсызданбаған сапасын басқаруы мен бағалауына қатысты 26 ескертуде беріледі.

10 САЛЫҚТАР БОЙЫНША АЛДЫН АЛА ТӨЛЕМ

31 желтоқсанда салықтар бойынша алын ала төлем келесі позицияларда болған:

Мың теңге	2014	2013
Мүлік салығы	10,050	11,021
Басқа салықтар бойынша алдын ала төлем	192	203
	10,242	11,224

11 БАСҚА АЛДЫН АЛА ТӨЛЕМ

31 желтоқсанда басқа да алдын ала төлем келесі позицияларда болған:

Мың теңге	2014	2013
Жеткізушілерге төленген алдын ала төлем	17,914	15,342
Басқалары	14,957	10,874
	32,871	26,216
Күмәнді берешек бойынша резерв	(1,270)	(1,384)
	31,601	24,832

31 желтоқсанда басқа алдын ала төлемдер келесі валюталарда болған:

Мың теңге	2014	2013
Теңге	32,871	26,112
АҚШ доллары	-	104
	32,871	26,216

12 ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

31 желтоқсанда ақша құраллары мен олардың баламалары келесі позицияларда болды:

Мың теңге	2014	2013
Ағымдағы банк шоттарындағы қаржы құралдары	261,818	56,673
Кассадағы қолма-қол ақша	120	-
	261,938	56,673

Ағымдағы банк шоттарындағы қаржы құралдарына пайыздар есептелмейді.

31 желтоқсанда қаржы құралдары мен олардың баламалары келесі валюталарда өрнектелген.

Мың теңге	2014	2013
АҚШ доллары	196,030	46,859
Теңге	65,908	9,814
	261,938	56,673

13 ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ ЖӘНЕ ДИВИДЕНДТЕР

2014 және 2013 жылғы 31 желтоқсанда Компанияның шығарылған және толықтай төленген жарғылық капиталы 5,656,808 мың теңге болған.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компанияның тарату резервтері үшін қолжетімді шама Компанияның ҚЕХС сәйкес дайындалған қаржылық есептіліктерінде көрсетілмеген таратылмаған табыс шамасымен шектеледі. 2014 жылғы 31 желтоқсанда Компанияның таратылмаған табысы есепті жылдағы табысты қос алғанда 2,100,232 мың теңге (2013 жылы: 1,812,448 мың теңге) құраған. Жарияланған және жыл ішінде төленген дивидендтер 2014 жылы 31 желтоқсанда 145,608 мың теңге (2013: жоқ) құраған.

14 ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ НЕСИЕ

31 желтоқсанда ұзақ мерзімді несие келесі позициялардан құралған:

Мың теңге	Валюта	2014	2013
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ НЕСИЕ			
«Al Hilal» Ислам банкі» АҚ	Теңге	357,281	-
«Казинвестбанк» АҚ	Теңге	245,081	562,106
HSBC Банк Қазақстан	Теңге	-	58,000
		602,362	620,106

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ НЕСИЕНІҢ АҒЫМДАҒЫ БӨЛІГІ			
«Казинвестбанк» АҚ	Теңге	317,025	317,025
«Al Hilal» Ислам банкі» АҚ	Теңге	23,819	-
HSBC Банк Қазақстан	Теңге	-	34,800
		340,844	351,825
БАРЛЫҒЫ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ НЕСИЕ		943,206	971,931

«Казинвестбанк» АҚ

2011 жылы қыркүйек айында Компания «Казинвестбанк» АҚ өтеу мерзімі 1,400 миллион теңге мөлшерінде Таунхауздар құрылысын қаржыландыру үшін теңгемен кредит желісін ашуға келісім жасаған. 2011 жылы сома толықтай игерілген. Алғашқы жылы пайыздық мөлшерлеме 9.5% деңгейінде белгіленген, келесі кезеңдердегі пайыздық мөлшерлеме ҚР Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі ретінде (қайта қаржыландыру мөлшерлемесі) плюс 2%, алайда 12% артық еме белгіленген. 2014 жылы тиімді пайыздық мөлшерлеме 10.1% (2013 жылы: 9.85%) құрады.

2012 жылы қараша айында Компания «Ақтау Девелопмент Компани» ЖШС және «Баян Лимитед» ЖШС бірлесе отырып «Казинвестбанк» АҚ өтеу мерзімі ретінде 2016 жылғы қараша айын белгілеп 761 миллион теңге сомасына жаңартылмайтын несие желісін ашуға кредиттік келісім жасаған (оның ішінде 117 миллион Компанияға тиесілі болған). Кредиттік желінің мақсатты тағайындалуы HSBC Банк және Raiffeisen Банк кредиттік келісімдерін қайта қаржыландыру болып табылады. 2012 жылы кредиттік желі сомасы толықтай игерілген. Алғашқы жылдағы пайыздық мөлшерлеме 9.5% деңгейінде белгіленген, келесі кезеңдердегі пайыздық мөлшерлеме қайта қаржыландыру мөлшерлемесі ретінде 4% анықтаған. 2014 жылы тиімді пайыздық мөлшерлеме 10.9% (2013 жылы: 10.84%) құраған.

2014 жылы 31 желтоқсанда несие желілері келесі түрде қамтамасыз етілді:

- Қалдық құны 4,984 миллион теңге мөлшеріндегі қамсыздандыру ретінде кепілге қойылған жылжымайтын мүлік;
- 1,100 миллион теңге сомасында қолданыстағы келісімдер бойынша қызметтерді жүзеге асырудан түскен қаржы құралдарын жәгне қолданыстағы келісімдер бойынша дебиторлық берешекті талап ету құқықтарын қайта рәсімдеу;
- «Chagala Group Limited» шығарған ұжымдық кепілдік.

«Al Hilal» Ислам банкі» АҚ

2014 жылы қазан айында Компания «Al Hilal» Ислам банкі» АҚ екі кредиттік желі ашуға Мурабаха сауда заттарын сату және сатып алуға Мурабаха бас келісім-шартын жасасты. Бастапқы лимит 2,500,000 АҚШ доллары мөлшерінде айналымды капиталды толықтыруға жұмсалады, Мурабаха белгіленген табысы АҚШ долларымен 7% және Мурабаха несие үшін белгіленген пайда теңгемен 8% болды. 7,500,000 АҚШ доллары сомасындағы екінші лимит капиталдық салымдарды қаржыландыруға ұсынылады және 440,000 АҚШ доллары

HSBC Банк Қазақстан ЕБ несиесін қайта қаржыландыруға жұмсалады. Мурабаха табысы 1 жылдық LIBOR +6%, минимум несиесі үшін АҚШ долларымен 7.5% және 1 жылдық теңгемен несиесі үшін LIBOR+7% болады. Аталмыш бас келісім шеңберінде 2014 жыл ішінде Компания теңгемен транш алған.

2014 жылы қараша айында Компания Бас келісім-шарт шеңберінде 2019 жылғы қараша айына дейінгі өтеу мерзімімен жер телімін сатып алуды қаржыландыру үшін 381,100 мың теңге мөлшерінде кредит алуға келісім жасасқан. 2014 жылы сома толықтай игерілген. Мурабаха табысы жылдық 8% мөлшерлеме деңгейінде белгіленген. Несиені өтеуге жеңілдікті кезең қаржыландыруды игеру кезеңінен бастап 12 айды құрайды және 2015 жылдың 4 тоқсанынан басталады.

2014 жылы 31 желтоқсанда несиесі желілері келесі түрде қамтамасыз етілген:

- Қалдық құны 1,930 миллион теңге мөлшеріндегі қамсыздандыру ретінде кепілге салынған жылжымайтын мүлік;
- «Chagala International Holding BV» шығарған ұжымдық кепілдік.

HSBC Банк Қазақстан

2012 жылы желтоқсан айында Компания «Ақтау Девелопмент Компани» ЖШС және «Баян Лимитед» ЖШС біріге отырып, «HSBC Банк Қазақстан» АҚ 759 миллион теңге сомасына жаңартылмайтын кредиттік желі ашу туралы шекті кредиттік келісім жасасты (оның ішінде 116 миллион теңге Компанияға тиісті), өтеу мерзімі 2015 жылғы желтоқсан айына белгіленген. Кредиттік келісімнің мақсатты тағайындалуы HSBC Банк және Raiffeisen Банк кредиттік келісімін қайта қаржыландыру болып табылады.

2012 жылы кредиттік желі сомасы толықтай меңгерілген.

Алғашқы жылдағы қаржылық мөлшерлеме 9.5% деңгейінде белгіленген, келесі кезеңдердің пайыздық мөлшерлемесі қайта қаржыландыру мөлшерлемесі ретінде плюс 4% ретінде анықталды. 2014 жылы тиімді пайыздық мөлшерлеме 10.77% (2013 жылы: 10.77%) құрады.

2013 жылғы 31 желтоқсанда аталмыш кредиттік желі қалдық құны 1,967 миллион теңге жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілді.

2014 жыл ішінде Компания кредиттік желіні қайта қаржыландыру жолымен толықтай өтеген.

15 ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ НЕСИЕ

2014 жылы қарашада Компания HSBC Банк Қазақстан Банкі ЕБ несиені қайта қаржыландыру үшін 81,200 мың теңге мөлшерінде 2015 жылы қарашада өтеу мерзімімен кредит алуға бас келісімшарт шеңберінде келісім жасасты. 2014 жылы сома толығымен игерілді. Мурабах кірісі 1 жылда LIBOR+7%, бірақ 8% кем емес сомаға тең.

Бұдан әрі, 2014 жылы желтоқсанда Компания айналым қаражатын толтыруға 2015 жылы желтоқсанда өтеу мерзімімен 185,000 мың теңге сомасына 8% тиянақталған мөлшерлеменен кредит алуға бас келісімшарт шеңберінде келісім жасасты.

16 ТӨЛЕМГЕ ОБЛИГАЦИЯЛАР

2012 жылы наурызда Компания Қазақстандық қор биржасында 5 жыл айналым мерзімімен және жылына 10% купондық мөлшерлемесімен 2,250 миллион теңге көлемінде облигацияны орналастыру туралы хабарлады. Қарыздың негізгі бөлігін жартыжылдық негізде пайыздарын төлеумен төлеу бойынша мерзімі – 2016 жылдың желтоқсан айы. 2014 жылдың 31 желтоқсанында облигацияларды орналастыру бойынша дисконт сомасы 85,340 мың теңгені құрады.

Алынған қаражаттар Қазақстан Республикасындағы тұрғын және коммерциялық жылжымайтын мүліктер құрылысын қаржыландыру үшін, сонымен қатар HSBC Банк және Raiffeisen Банк алдындағы ұзақ мерзімді несиелендіру бойынша берешекті қоса алғанда кредиторлар алдындағы кейбір міндеттерді өтеу үшін қолданылған болатын.

Төлем облигациялары қозғалысы төменде келтірілген:

Мың теңгемен	2014	2013
1 қаңтарға	2,127,944	2,095,343
Пайыздарын есептеу	261,716	257,601
Төлемге сыйақыны аудару	(225,000)	(225,000)
31 желтоқсанға	2,164,660	2,127,944

17 САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕГІ

31 желтоқсанға сауда кредиторлық берешекке келесі айқындамалар кіреді:

Мың теңгемен	2014	2013
Шығыс материалдары	206,542	143,821
Құрылыс қызметтері	2,299	2,299
	208,841	146,120

Сауда кредиторлық берешек пайызсыз және әдетте 30 күн ішінде өтеуге жарамды болып табылады. Сауда кредиторлық берешектің басым бөлігі теңгемен өрнектеледі.

18 ТӨЛЕМ САЛЫҚТАРЫ

31 желтоқсанға төлем салықтарына келесілер кірді:

Мың теңгемен	2014	2013
Төлем ҚҚС	40,036	59,954
Басқа салықтар	2,806	3,220
	42,842	63,174

19 ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЕҢБЕКАҚЫСЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ТӨЛЕМАҚЫЛАРЫ

31 желтоқсан аяқталған жылдың қызметкерлердің еңбекақысы мен басқа да төлемақыларына кіретіндер:

Мың теңгемен	2014	2013
Еңбекақы және сәйкес салықтар	164,652	158,681
Басқа да төлемақылар	30,395	33,752
	195,047	192,433

20 ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

2014 жылдағы жалпы және әкімшілік шығыстарға үшінші тараппен көрсетілетін басқару шығыстары (44%) және басқа да салықтар (29%) (2013: сәйкесінше 49% т 28%.) кіреді.

21 ТАБЫСТАР/ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БОЙЫНША ШЫҒЫНДАР

31 желтоқсанға қаржыландыру бойынша табыстарға келесілер кірді:

Мың теңгемен	2014	2013
Хеджерлеуге арналмаған туынды құрал (айырбас) бойынша табыс	-	15,643
Басқа	543	1,593
	543	17,236

31 желтоқсанға қаржыландыру бойынша шығындарға келесілер кіреді:

Мың теңгемен	2014	2013
Несие бойынша пайыздық шығындар	317,780	363,429
Облигация бойынша дисконт өтелімі	36,716	32,601
Хеджерлеуге арналмаған туынды құрал (айырбас) бойынша залал	-	3,039
	354,496	399,069

22 БАСҚА ДА ШЫҒЫНДАР

31 желтоқсанға басқа да шығындарға келесілер кіреді:

Мың теңгемен	2014	2013
Таунхаустарды берудегі мерзімі өтуінің айыпақысы	67,121	70,082
Басқа	941	58
	68,062	70,140

23 ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫНДАР

31 желтоқсан аяқталған жыл үшін табыс салығы бойынша жеңілдіктер немесе шығындарға келесілер кірді:

Мың теңгемен	2014	2013
Табыс салығы бойынша шығындар – ағымдағы	29,546	-
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығындар	27,597	66,998
Өткен мерзімдегі артық танылған сомалар	(8,571)	-
Кірістер немесе залалдар туралы есепте көрсетілген табыс салығы бойынша шығындар	48,572	66,998
Жер мен ғимаратты қайта бағалау	(2,761)	-
Басқа жиынтық табыста көрсетілген кейінге қалдырылған салық бойынша жеңілдіктер	(2,761)	-

2014 және 2013 жылдардың табыс салығының мөлшерлемесіне көбейтілген табыс салығы бойынша және бухгалтерлік кіріс арасындағы шығындарды салыстыру:

Мың теңгемен	2014	2013
ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫНҒА ДЕЙІНГІ КІРІС	279,891	210,920
20% нормативтік мөлшерлеме бойынша салықты есептеу	55,978	42,184
Салық салу мақсаты үшін шегеріс немесе бағалауға жатпайтын баптардың салық әсері:		
Өткен мерзімдегі артық танылған сомалар	(8,571)	
Шегеріске қатысы жоқ басқа да шығындар	1,165	24,814
Кірістер мен залалдар туралы есепте көрсетілген табыс салығы бойынша шығындар	48,572	66,998

31 желтоқсанға кейінге қалдырылған салық бойынша сальдоға кіретіндер:

Мың теңгемен	2014	2013
КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН САЛЫҚТАР БОЙЫНША АКТИВТЕР		
Ауысқан салықтық залалдар	-	14,253
Басқа	38,081	33,751
	38,081	48,004
КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН САЛЫҚ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Инвестициялық жылжымайтын мүлік және негізгі құралдар	(1,180,558)	(1,174,217)
	(1,180,558)	(1,174,217)
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер, таза салмағы	(1,142,477)	(1,126,213)

24 МӘМІЛЕ БОЙЫНША САЛЬДО, БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕ

31 желтоқсанға аяқталатын 2014 және 2013 жылдар ішінде Компания байланысты тараптармен мәміле жасасты. Келесі кестеде байланысты тараптармен 2014 және 2013 жылдар ішінде жасасқан мәміленің жалпы сомасы және 2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсанындағы мәміле бойынша сәйкес сальдо туралы ақпараттар берілген:

Мәміле бойынша сальдо және «Chagala Group Limited» қауымдастырылған компаниялармен мәмілелер

Мың теңгемен	2014	2013
<i>«Chagala Group Limited» қауымдастырылған тараптармен мәміле бойынша сальдо</i>		
Байланысты тараптардың берешегі	143,855	56,996
Байланысты тараптар алдындағы берешек	(21,991)	-
<i>«Chagala Group Limited» қауымдастырылған тараптармен мәмілелер</i>		
Байланысты тараптармен сату	296,367	137,190
Байланысты тараптардағы жетістіктер	471,374	66,528

2014 жылы маусым және тамызда Компания «Chagala Group Limited» еншілес компанияларынан жер телімдерін иеленді және аталмыш жер телімдерін 1,005,380 мың теңге сомасындағы инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде жүйеледі.

2013 жылы сату бойынша мәмілелерге 50,283 мың теңге сомасындағы жер телімін сату және «Arrowhead B.V.» компаниясының 71,752 мың теңге сомасындағы тауарлық-материалдық қорлары кіреді. Байланысты тараптардың жетістіктерін «Итазия Инжиниринг» ЖШС жүргізген ғимараттардың күрделі жөндеуінен көруге болады.

«Chagala Group Limited» еншілес компаниялармен жасалған мәмілелер және келісім бойынша сальдо

Мың теңгемен	2014	2013
<i>«Chagala Group Limited» еншілес компанияларымен жасалған мәміле бойынша сальдо</i>		
Байланысты тараптардан алынатын несиелер	1,001,115	1,436,506
Байланысты тараптардың берешегі	418,939	116,935
	1,420,054	1,553,441

Мың теңгемен	2014	2013
<i>«Chagala Group Limited» еншілес компаниялармен жасасқан мәмілелер</i>		
Байланысты тараптардан түскен түсім	443,955	262,579
Байланысты тараптардың жетістіктері	(1,008,745)	(2,768)
Басқару және операциялық қызмет комиссиялары	(662,072)	(793,239)
Байланысты тараптармен берілген несиелер	(251,550)	(534,750)
Байланысты тараптармен өтелген несиелер	36,000	121,897

Мың теңгемен	2014	2013
Байланысты тараптар өтелген несиелер	-	(48,958)
Байланысты тараптармен алынған несиелермен байланысты шетел валюталарын есептеуден түсетін таза табыс	-	214
Қаржыландыру бойынша шығын	-	804

Байланысты тараптардан түсетін түсім негізінен инвестициялық мүліктің жалдамасы және байланысты тараптар берген орналасымдар бойынша қызметтер есебінен жүзеге асады.

Негізгі басқару қызметі

Мың теңгемен	2014	2013
Төленген сыйақы	8,225	8,291

2014 жыл ішінде негізгі басқару қызметі бір адамнан құралды, Компанияның бас директоры (2013 жылы: біреу). Негізгі басқару қызметінің сыйақысының жалпы мөлшері табыстар мен залалдар есебінде еңбекақыға және қызметкерлердің басқа да төлемдеріне кіреді.

Байланысты тараптармен жасалатын мәмілелердің ережелері және шарттары

Компания байланысты тараптарға қонақүй қызметтеріне 30% жеңілдік береді. Төленбеген қалдықтар жыл соңында қамтамасыз етілмеген және пайызсыз болып табылады және есептеулер банк аударымы арқылы жүргізіледі. Ешқандай да қаржылық кепілдемелер байланысты тараптардың кредиторлық берешегі бойынша ұсынылмаған.

Байланысты тараптарға берілген несиелер көбінесе пайызсыз қаржылық көмекке кіреді және талап бойынша өтеледі.

25 ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Қызметті жүргізу шарттары

Қазақстанда нарықтық экономика талаптарына жауап беретін экономикалық реформалар мен құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылым даму жалғасуда. Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың жүруіне, сонымен қатар экономика, қаржы және қаражат-кредит саясаты салаларындағы Үкімет қолданатын шаралардың тиімділігіне тәуелді.

Қазақстандық экономика іскерлік белсенділіктің құлдырауына және әлемдегі экономикалық даму екінінің бәсеңдеуіне сезімтал. Жалғасып жатқан әлемдік қаржылық дағдарыс капитал нарығының тұрақсыздығын, банк секторындағы өтімділіктің біршама нашарлауын және Қазақстанда кредит берудің анағұрлым қатаң талаптарын тудырды. Қазақстандық үкімет қазақстандық банктер мен компаниялар үшін берешекті қайта қаржыландыруды қамтамасыз етуге және өтімділігін ұстап тұруға бағытталған тұрақтандыру шараларын жүргізгеніне қарамастан, Компанияның қаржылық жағдайына, оның қызмет нәтижелері мен экономикалық болашағына әсер ететін Компания және оның контрагенттері үшін капиталға және капитал құнына қолжетімділігіне қатысты белгісіздік бар.

Компанияның қызметіне және қаржылық жағдайына Қазақстандағы саяси жағдайдың дамуы, оның ішінде әрекеттегі және болашақ заңнамалар және салық салу саласындағы нормативті-құқықтық актілерді қолдану әсер етуі мүмкін.

Алайда, басшылық Компанияның әрекеттегі жағдайларда қызметінің тұрақтылығын сақтау үшін сәйкес шараларды қолданып отырғанына сенімді, жоғарыда бейнеленген салалардағы одан әрі болжанбаған нашарлау болуы, қазіргі таңда анықтауға келмейтіндей Компанияның қаржылық нәтижелері мен қаржылық жағдайына кері әсерін тигізуі мүмкін. Сонымен қатар, аталмыш қаржылық есеп Компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына Қазақстандағы экономикалық жағдайға әсерін басшылықтың бағалауын бейнелейді. Экономикалық жағдай болашақта басшылық бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

Салық салу

Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасы әрдайым өзгеріп және бір мағыналы емес талқылауларға ұшырап тұрады. Сирек жағдайда жергілікті, аймақтық және республикалық салық органдарының ойларында айырмашылық болады. Қазақстандық салық заңнамасын бұзғанды анықтаған және дәлелденген әрекеттегі режимдегі айыппұл мен өсімпұлдар қатаңдықпен ерекшеленеді. Ережеге сай айыппұлдар қосымша есептелген салық сомасының 50% құрайды және өсімпұл жылдық 20% бағаланады. Нәтижесінде айыппұлдар мен өсімпұлдардың сомасы есептелген салықтан бірнеше есе артып кетуі мүмкін. Салықтық тексерістер қызметтің бес күнтізбелік жылын, тікелей алдында болған тексеріс жылын да қамтуы мүмкін. Кейбір анықталған жағдайларда тексеріс анағұрлым ұзақ мерзімді қамтуы мүмкін. Қазақстандық салық салу жүйесіне тән анықталмағандық болғандықтан салықтың потенциалды сомасы, айыппұл санкциялары және өсімпұлдар, егер олар бар болса, 2014 жылдың 31 желтоқсанына есептелген және осы уақыт бойынша шығындарға қатысты сомадан асып кетуі мүмкін.

2014 жылдың 31 желтоқсанына басшылық Қазақстанда күшіне енген салық заңнамасын Компания сақтайды деп және осылайша салық бойынша ешқандай да қосымша маңызды міндеттемелер туындамайды деп есептейді.

Келісімшарттық міндеттемелер

2014 және 2013 жылдардың 31 желтоқсанына Компанияда үшінші тараптардан негізгі құралдарды алу бойынша маңызды келісімшарттық міндеттемелері болмады.

26 ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАР, МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДІЛІКТІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ

Компанияның негізгі қаржылық құралдары құрамына қаражат құралдары және қысқа мерзімді депозиттер, сонымен қатар дебиторлық берешек, несиелер, кредиторлық берешек және туынды құралдар кіреді. Компанияның қаржы құралы бойынша туындаған негізгі тәуекелділігі пайыздық мөлшерлемесі өзгеру тәуекелділігі, валюта тәуекелділігі және кредиттік тәуекелділігі болып табылады.

Нарық тәуекелі

Нарық тәуекелі қаржы құралдары бойынша қаражат ағымының болашақ әділетті құны нарық бағасының өзгеруімен өзгеріп тұратын тәуекелді көрсетеді. Нарық бағалары тәуекелдің әртүрлі түріне: пайыз мөлшерлемесі өзгеруі тәуекелі және валюта тәуекеліне бейім. Нарық тәуекелі әсеріне бейім қаржылық құралдарға несиелер, төлем облигациялары, депозиттер және туынды қаржы құралдары кіреді.

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі – бұл қаржылық құрал бойынша болашақ қаражат ағымы нарықтық пайыздық мөлшерлеме өзгерісіне сай өзгеретін тәуекел. Компанияның нарықтық пайыздық мөлшерлеме өзгерісі тәуекеліне ұшырауы ҚР Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне (қайта қаржыландыру мөлшерлемесі) қатысты өзгермелі пайыздық мөлшерлеменен ұзақ мерзімді несие бойынша Компанияның міндеттемелерімен байланысты.

2014 жылдың 31 желтоқсанына Компания өзгермелі пайыздық мөлшерлемелі 30% несиесі болмады (2013 жылы: 31%).

2014 жылдың 31 желтоқсанына Компанияда потенциалды тәуекелді төмендету үшін қандай да бір хеджирлеу құралы болмады, себебі басшылық несие бойынша пайыздық мөлшерлеменен байланысты тәуекел елеулі болып табылады деп есептемейді.

Кестеде басқа да белгілерінің өзгермеген жағдайы кезіндегі пайыздық мөлшерлемедегі мүмкін өзгерістермен салық салуға дейінгі (өзгермелі пайыздық мөлшерлеменен несиенің болуы салдарынан) Компанияның пайдасының сезімталдығы талдауы келтірілген.

<i>Мың теңгемен</i>	БАЗИСТІК ПУНКТТЕРДІ АРТТЫРУ/ КЕМІТУ	САЛЫҚ САЛҒАНҒА ДЕЙІН ПАЙДАҒА ӘСЕР ЕТУ
2014		
Қайта қаржыландыру мөлшерлемесі	+100	(9,570)
	-100	9,570
LIBOR	+100	(1,182)
	-100	1,182
2013		
Қайта қаржыландыру мөлшерлемесі	+100	(9,719)
	-100	9,719

Валюта тәуекелі

Валюта тәуекелі – бұл қаржылық құрал бойынша болашақ қаражат ағымының әділетті құны валюта айырбастау курсының өзгерісіне сай өзгеріп отыратын тәуекел. Валюта айырбастау курсының өзгеріс тәуекеліне Компанияның ұшырауы ең алдымен Компанияның қызметімен байланысты (валютамен бейнеленген табыстар немесе шығыстар Компанияның функционалды валютасынан ерекшеленген кезде).

Төмендегі кестеде АҚШ долларының айырбас курсының өзгерісіне Компанияның салық салуға дейінгі табыс сезімталдығы көрсетілген, мүмкіндігін өзгермейтін басқа ауысуларда болжауға негіздеуге болады.

<i>Мың теңгемен</i>	Айырбас курсын арттыру	2014		2013	
		Салық салуға дейінгі табысқа әсері	Айырбас курсын арттыру/ (кеміту)	Салық салуға дейінгі табысқа әсері	Айырбас курсын арттыру/ (кеміту)
АҚШ доллары	+20%	66,081	+20%	33,002	
АҚШ доллары	-10%	22,027	-10%	11,001	

Кредиттік тәуекел

Компания танылған кредитке қабілетті үшінші тараптармен ғана мәміле жасасады. Сонымен қатар, дебиторлық берешектің қалдықтары үздіксіз бақыланады, нәтижесінде Компанияның үмітсіз берешек тәуекелі мардымсыз болып табылады. Максималды кредиттік тәуекел 9 Ескертуде ашылғандай баланстық құнды көрсетеді.

Банктегі қаражат құралдарымен байланысты кредиттік тәуекелге қатысты Компания тәуекелі контрагент дефолты мүмкіндіктерімен байланысты, осылайша бұл максималды тәуекел аталмыш құралдардың баланстық құнына тең. 2014 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияда Компанияның кредиттік тәуекелге ұшырауының максималды деңгейін бейнелейтін жалпы сомасы 261,818 мың теңге (2013 жылы: 56,673 теңге) қаражат құралдары мен олардың баламалары болды.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл Компанияда есептеу қаражат құралдарын немесе басқа қаржылық активтерді беру жолымен жүргізілетін қаржылық міндеттермен байланысты міндеттерді орындау кезінде қиындықтар туындайтын тәуекел. Өтімділікті басқаруға Компанияның тәсілі Компания беделін қатерге тікпей және өрескел залалдардың туындауын болдырмай, әдеттегі, сонымен қатар күйзеліс жағдайларында өз міндеттемелерін уақытында өтеу үшін жеткілікті Компанияның өтімділік құралдарының әрдайым болуы мүмкіндігін қамтамасыз етуден тұрады.

Компанияның мақсаты банк депозиттері, несиелерді және төлем облигацияларын қолдану арқылы қаржыландырудың үздіксіздігі мен икемділігі арасындағы балансты ұстап тұру болып табылады.

Келесі кестеде келісімшарт талаптарына сәйкес дисконтталмаған төлемдері нәтижесінде 31 желтоқсандағы Компанияның қаржылық міндеттемелерін өтеу мерзімдері көрсетілген.

<i>Мың теңгемен</i>	3 АЙДАН КЕМ ЕМЕС	3 ТЕН 12 АЙҒА ДЕЙІН	1 ЖЫЛДАН 5 ЖЫЛҒА ДЕЙІН	БАРЛЫҒЫ
2014 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша				
Несиелер	111,113	557,494	697,809	1,366,416
Төлем облигациялары	-	225,000	2,475,000	2,700,000
Сауда кредиторлық берешек	208,841	-	-	208,841
Байланысты тараптар алдындағы берешек	25,399	-	-	25,399
Басқа да кредиторлық берешектер мен есептеулер	412	-	-	412
	345,765	782,494	3,172,809	4,301,068

<i>Мың теңгемен</i>	3 АЙДАН КЕМ ЕМЕС	3 ТЕН 12 АЙҒА ДЕЙІН	1 ЖЫЛДАН 5 ЖЫЛҒА ДЕЙІН	БАРЛЫҒЫ
2013 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша				
Несиелер	92,911	340,997	680,491	1,114,399
Төлем облигациялары	-	225,000	2,700,000	2,925,000
Сауда кредиторлық берешек	146,120	-	-	146,120
Байланысты тараптар алдындағы берешек	3,137	-	-	3,137
Басқа да кредиторлық берешектер мен есептеулер	2,866	-	-	2,866
	245,034	565,997	3,380,491	4,191,522

Капиталды басқару

Компанияның капиталды басқаруға қатысты негізгі мақсаты Компания қызметін жүргізу және қатысушылардың табысын максималдау үшін тұрақты кредитке қабілеттілікті қамтамасыз ету болып табылады.

Компания берешек қорытындысының капиталға қатынасына тең қаржылық негіз коэффициентін қолдана отырып, капитал деңгейін бақылайды. Компания саясаты аталмыш қатынасты 50% төмен сақтау болып табылады. Берешекке несиелер және алынған құралдар, төлем облигациялары және сауда кредиторлық берешек кіреді. Капиталға Компания акция ұстаушыларының капиталы кіреді. Капиталды басқару мақсатында барлық топ ішілік несиелер алынып тасталынды.

Жыл соңындағы жеке капиталының берешекке қатынасы коэффициенті келесі түрде көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2014	2013
Несиелер	1,209,406	971,931
Төлем облигациялары	2,164,660	2,127,944
Сауда кредиторлық берешек	208,841	146,120
БЕРЕШЕКТІҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ	3,582,907	3,245,995
Капитал	12,830,385	12,755,718
БЕРЕШЕК КОЭФФИЦИЕНТІ	0.28	0.25

Әділетті құн

Әділетті құн тарату кезіндегі мәжбүрлі сату немесе сатумен байланысты жағдайлардан басқа коммерциялық жағдайларда хабардар тараптар арасындағы айырбасталуы мүмкін құрал бойынша сома ретінде анықталады. Осылайша Компанияның көптеген қаржылық құралдары үшін дайын нарық жоқ, әділетті құнды бағалау кезінде құралға тән ағымдағы экономикалық жағдайлар мен нақты тәуекел негізіндегі жорамалдар қолдану қажет.

Қаражат құралдарының, сауда дебиторлық берешегінің, кредиторлық берешектің және басқа да қысқа мерзімді ақшалай активтер мен міндеттемелердің баланстық құны жуықтап алғанда аталмыш қаржы құралдарының қысқа мерзімді сипаты салдарынан олардың әділетті құнына тең.

Несиелер мен төлем облигацияларының әділетті құны бар қарыздық міндеттемелер үшін аталмыш уақыттағы мөлшерлемені немесе бар өтеуге дейінгі қалған ұқсас шарттар мен мерзімдерді қолданумен болашақ қаражат ағымын дисконттау көмегімен бағаланады. Әділетті құн шамамен несие бойынша амортизацияланбаған шығындарды қоса алғандағы баланс құнына тең.

Пайыздық айырбас бойынша туынды шарттың әділетті құны ағымдағы нарықтық пайыздық мөлшерлемелер мен құралдың қалған мерзіміндегі қисық табысын қолданумен күтілетін болашақ қаражат ағымын дисконттау жолымен бағаланады.

<i>Мың теңгемен</i>	БАЛАНСТЫҚ ҚҰН		ӘДІЛЕТТІ ҚҰН	
	2014	2013	2014	2013
ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ				
Сауда дебиторлық берешек	302,228	319,330	302,228	319,330
Байланысты тараптардың берешегі	1,563,909	1,610,437	1,563,909	1,610,437
Қаражат құралдары және олардың баламалары	261,938	56,673	261,938	56,673
ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ				
Несиелер	1,209,406	971,931	1,209,406	971,931
Төлем облигациялары	2,164,660	2,127,944	2,202,912	2,156,751
Төлем пайыздары	30,449	27,903	30,449	27,903
Сауда кредиторлық берешек	208,841	146,120	208,841	146,120
Байланысты тараптар алдындағы берешек	25,399	3,137	25,399	3,137
Басқа да кредиторлық берешектер мен есептеулер	-	2,866	-	2,866

Әділетті құн көздерінің баспалдақтары

Қаржы құралдары қолданған бағалау тәсілдері үшін шығыс мәліметтері негізіндегі әділетті құнның 3 баспалдақтың деңгейіне жатады (3.3 ескерту).

ЕСЕПТІК КЕЗЕҢНЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2015 жылдың наурызында болған есептік кезеңнен кейінгі маңызды оқиғалар:

- Компания «Ал-Хилал» АҚ Ислам Банкінен 2016 жылдың наурызында өтеу мерзімімен және 8% тиянақталған мөлшерлеменен 550,000 АҚШ доллары сомасында несиелік құрал алды;
- Компания және «Орал» БЖК Ұлттық компаниясы сәйкесінше 70% және 30% үлеспен «Құрманғазы Девелопмент» ЖШС бірлескен кәсіпорынын тіркеді;
- Компания байланысты тарапқа 50,000 мың теңге сомасында пайызсыз қаржылық көмек ұсынды;
- Компания және “Chagala Group Limited” бес жыл мерзімге “Chagala” белгісін қолдану құқығына лицензиялық келісімшарт жасасты.

Қосымша.

Тәуекелдерді басқару.

Компанияның айрықша тәуекелдері.

Қазақстан Республикасының нарығында қалыптасқан макроэкономикалық жағдай, Қашаған мұнай-газ кен орнын іске қосу мерзімдерін бірнеше жылға ауыстыру, сондай-ақ мұнай мен мұнай өнімдеріне бағаның құлдырауы Компанияға да ықпалын тигізуде.

Компанияның басты клиенттері іссапар шығыстарына бюджеттерін, сондай-ақ тапсырыс көлемін қысқартып отыр.

Экономикалық жағдайдың Компания қызметіне тигізетін теріс ықпалын жою үшін Компания клиенттер портфелін әртараптандыру және мұнай-газ компанияларынан тәуелділікті қысқарту шараларын жалғастыруда. Бұдан басқа, Компания түрлі топтағы клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тарифтер құрылымын қайта қарастырады.

Сыйақылар туралы ақпарат.

Компанияда қадағалау кеңесі жоқ.

Компанияның атқарушы органы Бас директор болып табылады. Бас директордың сыйақысы 2014 жыл үшін 8,225 мың теңгені құрады.

Келесі жылға арналған басты мақсаттар мен міндеттер.

Компанияның 2015 жылға арналған мақсаттары мен міндеттері:

- Компания клиенттерінің базасын әртараптандыруды жалғастыру
- Клиенттердің әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында икемді мөлшерлемелер мен тарифтер әзірлеу

Компанияның жуықтағы 3 жылға арналған міндеттері:

- Өнімдер желісін кеңейту және нарыққа жаңа өнімдерді ендіру (қонақ үй бөлмелері мен апартаменттерін сатуға жаңа тәсілдеме қолдану)
- Көрсетілетін қызметтердің сапасын ұстап тұру және корпоративтік клиенттердің адалдығын сақтап қалу
- Бизнесінің тиімділігін ұстап тұру

Төменде Компанияның келесі 3 жылдағы операциялық көрсеткіштерінің болжамы көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2015	2016	2017
Бөлмелер мен жалдаудан түскен кіріс	2,401,165	2,497,212	2,597,100
Азық-түлік және сусын өнімдерін сатудан түскен кіріс	130,454	135,673	141,099
Басқа да операциялық кірістер	342,732	356,441	370,699
Түсім жиынтығы	2,874,351	2,989,326	3,108,899
Коммуналдық қызметтер, жинау (тазалау) және техникалық қызмет көрсету	(856,378)	(907,761)	(962,227)
Жалақы және қызметкерлерге басқа да төлемдер	(200,958)	(208,997)	(219,028)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(548,004)	(553,484)	(559,019)
Тозу және амортизация	(671,717)	(665,000)	(658,350)
Операциялық пайда	597,294	654,084	710,275
Қаржыландыру бойынша шығындар	(370,588)	(363,176)	(355,913)
Табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда	237,319	290,908	354,362
Табыс салығы бойынша шығыстар	(36,579)	(38,774)	(41,100)
Бір жылдағы пайда	200,740	252,134	313,262